МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҺАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №112 (6247) 29 қыркүйек, бейсенбі, 2022 жыл.

#ӘділеттіҚазақстан

Біз мемлекеттігімізді сақтап, өсіп-өркендеуіміз үшін ел бірлігі ауадай қажет. Ал бірлік – бейбітшіліктің, тыныштық пен тұрақтылықтың кепілі.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ПРЕЗИДЕНТ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ электронды форматқа көшіріледі

2

МӘСЕЛЕ

БАЙЛАНЫС БАҒАСЫНА БАҚЫЛАУ БОЛМАЙ ТҰР...

7

ЭКОНОМИКА

АЛМАТЫ КӨШ БАСТАП ТҰР...

8

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

29.09.2022

Түнде:
+10+12 °С
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:
+18+20 °С
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.
Желдің жылдамдығы: 2-7 м/с

30.09.2022

Түнде:
+8+10 °С
Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр.

Күндіз:
+13+15 °С
Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр.
Желдің жылдамдығы: 2-7 м/с

ТҰЛҒАТАНУ

ӘУЕЗОВ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ӘЛЕМДІК ӨРКЕНИЕТ

Алматыда ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің 125 жылдық мерейтойы жоғары деңгейде ұйымдастырылды

Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Заңғар жазушыны еске алу шарасы оның қабірі басында Құран оқып, ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсімімен басталып, «Достық үйінің» Мәжіліс залында «М.О.Әуезов мұрасы және әлемдік өркениет» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясымен жалғасын тапты. Шара барысында М.Әуезовтің қазақ әдебиетін және драматургия мен ұлттық театр өнерін дамытушы ретінде баға жетпес мұра қалдырғаны туралы айтылды.

4

БРИФИНГ

ЖАҒДАЙ ЕРЕКШЕ БАҚЫЛАУДА

Алматы қаласы Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында «Көші-қон процестері жағдайындағы мемлекеттік органдардың жұмысы туралы» брифинг өтті.

3

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,
«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
+7 (707) 932-39-18 телефондары бойынша хабарласыңыз!

ҚЫСҚА...

- Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Реформалар жөніндегі жоғары кеңестің кезекті отырысы өтті.
- Мемлекет басшысы жыл сайын өтетін «Digital Bridge 2022» халықаралық технологиялық форумына қатысты.
- Республика күніне орай қазақстандықтар үш күн қатарынан – 23–25 қазан күндері демалады.
- Samsung Electronics қазақстандық IT мамандарды даярлауы мүмкін.
- Қазақстандықтардың зейнетақы жинақтары 1 трлн теңгеге өсті.
- Қазақстан тағы 26 ел үшін визасыз режим енгізеді.
- Алдағы күндері Қазақстанның кей өңірлерінде 10 градус аяз болады.
- Енді 35 жасқа толмағандар да жастар санатына жатқызылады.
- Бүгін 12 сағат 55 минутта шаһарда құлақтандыру жүйесінің техникалық дайындығын жоспарлы түрде тексеру жұмыстары аясында дабыл белгісі іске қосылады.
- Жыл басынан бері 11 мыңнан астам этникалық қазақ атамекеніне оралды.
- Мемлекеттік тапсырыс алатын балабақшаларға талап күшейеді.

www.almaty-akshamy.kz

9 772223 237006

«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы Түркістан облысы мен Шымкент қаласының жұртшылығымен кездесті.

Президент Түркістанды атажұртымыздың алтын қазығы деп атап өтіп, бірқатар аманаттық-тағылымдық ойларын ортаға салды. «Киелі шаһарды рухани және тарихи елордамыз десек, дұрыс пайым болатынына күмәнім жоқ. Мен ата жолын ұстанып, Ұлттық құрылтайдың келесі отырысын Түркістанда өткізуді ұсындым. Онда ел болашағына қатысты өзекті мәселелерді талқылаймыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сондай-ақ, мемлекеттігімізді сақтап, өсіп-өркендеуіміз үшін ел бірлігі ауадай керектігіне, бірлік – бейбітшіліктің, тыныштық пен тұрақтылықтың кепілі екендігіне, жаңа қоғамда еңбек адамы ең бірінші орында тұруы керек деген ұғымды жастарымызға түсіндіру қажеттігіне назар аударды. Президент тұжырымдағандай, жеріміздің бүтіндігі және еліміздің амандығы – біз үшін бәрінен маңызды. Сондықтан парасаттылық пен сабырлық танытып, арандатушылардың жетегінде кетпеуіміз керек. Халқымыздың ең басты күші – бірлік, парасаттылық және төзімділік. Осы құндылықтардан айырылып қалсақ, елімізге үлкен қауіп төнеді. Мемлекеттердің территориялық тұтастығы міндетті түрде сақталуы керек. Бұл – негізгі қағидат.

Мемлекет басшысының жұмыс сапары Шымкент қаласында жалғасты. Жергілікті жұртшылық алдында сөйлеген сөзінде Президент шаһарды ұлт дәстүрінің берекелі бесігіне айналған қала және қазақы қасиет пен ыстық ықыластың символы ретінде атап өтті. Бүгінгідей аса күрделі геосаяси жағдайда Қазақстанның сыртқы саясаты мемлекеттігімізді одан әрі нығайту үшін қолайлы жағдай жасауға бағытталғанына тоқталды. «Біздің халықаралық аренадағы қызметіміздің басты мақсаты – Қазақстанның және халқымыздың мүддесі. Халықаралық құқық пен БҰҰ Жарғысының үстемдігі үшін күресеміз. Біз халықаралық қатынастарда әділеттілік, ішкі істерге араласпау, мемлекеттің егемендігі мен территориялық тұтастығын құрметтеу қағидаттарын нығайтуды аса маңызды деп санаймыз», – деді Мемлекет басшысы.

СЕНАТ

Сенаторлар ЕАЭО елдері мен Иран арасындағы сауданы жеңілдету туралы заң жобасын талқылады.

Келісім ЕАЭО елдері мен Иран арасындағы тауарлар саудасын еркінсітуге және оңайлатуға, тараптар арасындағы экономикалық іс-қимыл мен өзара сауданы қолдауға бағытталған.

Уақытша келісімнің қолданылу мерзімін ұзарту сауданың бажсыз тәртібін сақтауға мүмкіндік беретінін және отандық тауарлардың Иран нарығына шығуы үшін қолайлы жағдай туғызатынын атап өткен жөн. Заң жобасы Палатаның қарауына жіберілді.

ҮКІМЕТ

Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында егін жинау науқанының алдын ала қорытындылары қаралды. Премьер-Министрдің айтуынша, түсім орташа жылдық көрсеткіштен жоғары болады деп күтілуде. Биыл да Қазақстан өзін астықпен толықтай қамтамасыз етті. Жалпы 18 млн тоннадан астам астық жинау жоспарлануда.

«Ендігі міндет – өнімнің сапасын төмендетпей, дұрыс сақтау. Сонымен қатар, ішкі сұранысқа және экспортқа қажетті астық көлемін нақты бөліп қою керек. Биыл да Қазақстан өзін астықпен толықтай қамтамасыз етті», – деді Үкімет басшысы.

Ал Премьер-Министрдің Сауд Арабиясы Королдігінің Қажылық және умра министрі Тауфик бен Фаузан әл-Рабиамен кездесуінде туризм, мәдениет және азаматтық авиация салаларындағы ынтымақтастықты кеңейту мәселелері талқыланды. «Әлем мұсылмандары қажылық парызын өтеуді асыға күтеді. Биыл біздің 4 мың отандасымыз да осындай мүмкіншілікке ие болды. Бұған Сауд Арабиясы басшылығының назары мен күш-жігерінің арқасында қол жеткізілді», – деді Әлихан Смайылов.

МИНИСТР

Биыл жаңа бірыңғай мемлекеттік ақпараттық субсидиялау жүйесі іске қосылды. Субсидия алушылар үшін қарсы міндеттемелер енгізіледі. Бұл туралы Орталық коммуникациялар қызметі алаңында ҚР Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеев мәлімдеді.

«Осы жылдың 1 шілдесінен бастап цифрландыру есебінен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайту мақсатында жаңа бірыңғай мемлекеттік ақпараттық субсидиялау жүйесі іске қосылды, ол фермерлер үшін тегін болады және барлық мемлекеттік ақпараттық жүйелермен біріктіріледі. Ол қазіргі «Қолдау» жүйесін толығымен алмастырады. Сонымен қатар, тауар өндірушілердің ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін өндіріске енгізу бойынша шығындарын, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-құрастырымдық жұмыстарын субсидиялау және кооперативтердің өз мүшелеріне көрсеткен қызметтерінің құнын субсидиялау сияқты мемлекеттік қолдаудың жаңа бағыттары енгізілуде. Олар өндірісті технологиялық қайта жарақтандыру процестерін жеделдетуге және ауылдық жерлерде кооперативтік қозғалысты ынталандыру мен дамытуға бағытталған», – деді АШМ басшысы.

ТУРИЗМ

ҚР МСМ Туризм индустриясы комитетінің төрағасы Дастан Рысбеков Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте жүргізіліп жатқан жұмыстар жайлы баяндады.

Биыл 74 елдің азаматтары үшін визасыз режим қалпына келтірілген. «Үндістан, Қытай және Иран азаматтары үшін қосымша визасыз режим енгізілді. 28 елмен 113 бағыт бойынша халықаралық әуе қатынасы қалпына келтірілді. Кіру ағынын ұлғайту үшін жағдай жасау мақсатында мынадай шараларды қабылдау орынды секілді: Қазақстанға кіру үшін визасыз елдер санын 100-ге дейін ұлғайту; бағыттар бойынша қосымша авиарейстер ашу. Бұл қажеттілік 2019 жылғы деректер негізінде және әуе қызметтері нарығындағы ағымдағы жағдайды ескере отырып, белгіленді», – деп хабарлады спикер.

Сыртқы туризмді ынталандырудың тиімді құралдарының бірі – халықаралық шаралар. Бұған Алматыда 23 қыркүйекте өткен және БАҚ-тың хабарлауынша, 65 елден 20 мыңға жуық адамды жинаған Димаштың концерті ерекше мысал бола алады. ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Туризм индустриясы комитетінің төрағасы Дастан Рыспековтың айтуынша, мұндай іс-шараларды, соның ішінде әлемдік деңгейдегі іс-шараларды қолдау сырттан сыртқы туризмді дамыту драйвері болып табылады.

ПРЕЗИДЕНТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

электронды форматқа көшіріледі

Мемлекет басшысы «Digital Bridge 2022» халықаралық технологиялық форумына қатысты

Президентке Astana Hub IT экожүйесінің қазіргі қызметі және Google for Startups компаниясымен бірлескен бағдарламасының жүзеге асырылуы жөнінде баяндалды, сондай-ақ Alem бағдарламалау мектебі мен «Қазақстан халқына» қорының жобасы таныстырылды.

Бұдан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев стартап аллеясындағы әрбір жобаға арнайы тоқталып, компания өкілдерінің жетістіктерін тыңдады. Олардың бірқатары тек Қазақстан нарығымен шектелмей, шетел нарығына да шыға бастаған. Іс-шараға Премьер-Министр, мемлекеттік органдардың, бизнес-құрылымдардың жетекшілері, отандық және халықаралық сарапшылар қатысты.

Мемлекет басшысына, атап айтқанда, аймақтық авиакомпанияларға арналған Farel авиациялық софттың жаңа буыны, Arbuz интернет супермаркеті, Zypl.ai жасанды интеллект зауыты, UvU Ridesharing балалар мен әйелдерге арналған қауіпсіз тасымалдау қызметі, Parqour ақылды тұрақ қызметі, cloud-есептеулерді жеңілдететін FIBO Cloud қызметі және Intebix криптобиржасы секілді стартаптар таныстырылды.

Түркияның Өнеркәсіп және технологиялар министрі Мұстафа Варанк пен Өзбекстанның Ақпараттық технологиялар мен коммуникацияларды дамыту министрі Шерзод Шерматов өз елдеріндегі технопарктердің Қазақстанмен арадағы ынтымақтастығына қатысты жоспарлары туралы айтып берді.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысына Blockchair, Playrix, EPAM, inDriver халықаралық IT-компанияларын Қазақстанға тарту және мемлекеттік қызметтерді цифрландыру нәтижелері туралы баяндалды. Атап айтқанда, Астана қаласының геоаналитикалық платформасы, E-gov денсаулық, Әлеуметтік әмиян және отбасының цифрлық картасы, Vet Mobile, E-Salyq Business, Жер телімдерін сату және жылжымайтын мүлікпен мәмілелерді тіркеу жөніндегі онлайн аукцион сияқты цифрлық шешімдер мен KazNedra жер қойнауын пайдаланушылардың бірыңғай платформасы жөнінде сөз болды.

Digital Bridge форумының пленарлық отырысында сөз сөйлеген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жиынға қатысушыларға ілтипат білдіре отырып, жыл сайын өтетін Digital Bridge форумы төрт жылда ірі және маңызды өңірлік алаңға айналғанын атап өтті.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТ

Президент сарапшылардың болжамы бойынша, он жылдан кейін әлемде өнімдер мен қызметтердің 70 пайызы цифрлық платформалық модельдер негізінде құрылатынын мәлімдеді. Мұндай жағдайда Қазақстан өзіне еуразиялық кеңістіктегі ең ірі цифрлық хабтардың біріне айналу стратегиялық міндетін қойды. Мемлекет басшысының айтуынша, бүгінде Қазақстан көптеген дамыған елден озып, БҰҰ-ның цифрланған мемлекеттер рейтингінде үздік отыз елдің қатарына кіреді. Дегенмен, Қазақстанды одан әрі цифрлық трансформациялау үшін көп жұмыс істеу керек. Президент өз сөзінде оның басымдықтарын айқындап берді.

– Бірінші. Адамға бағдарланған қызметті дамыту. Мемлекетке цифрлық технологиялар, ең алдымен, экономиканың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету, тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің жаңа түрлерін игеру, Финтех пен Индустрия 4.0-ді енгізу үшін қажет. Дегенмен, «Government to citizens», яғни азаматтарға қызмет көрсету саласы да – маңызды басымдықтардың бірі. Цифрлық технологиялардың көмегімен біз азаматтардың күнделікті тіршілігін барынша жеңілдетуге және барлық адам үшін тең мүмкіндіктерге қол жеткізуді көздеп отырмыз. Бұл үшін мемлекеттік басқаруды цифрландырудың «Invisible Government» мүлде жаңа форматына көшу қажет. Оның негізгі мәні – мемлекеттік саясаттың адамға баса мән беруі, оның қажеттіліктері мен мүдделеріне бағытталуы. Мемлекет қабылдаған ауқымды шаралар мен шешімдер азаматтарға байқалмайды, олар тек нақты нәтижені көреді. Сондықтан барлық мемлекеттік қызмет барынша электронды форматқа көшіріледі. Бюрократиялық рәсімдердің бәрі алынып тасталады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

«ОТБАСЫНЫҢ ЦИФРЛЫҚ КАРТАСЫ» ЕНГІЗІЛІП ЖАТЫР

Президент тұжырымдағандай, елімізде мемлекеттік қызметтердің 90 пайыздан астамы электронды форматта көрсетіледі. Бұл – әлемдегі ең жоғары көрсеткіштердің бірі. Жеке сектормен қалыпты өзара іс-әрекет жолға қойылған. Атап айтқанда, Каспий, Халық, BI Group және басқа да компаниялар мемлекеттік қызметтерге өздерінің платформалары арқылы қол жеткізуге жол ашты.

– Бүгінде Қазақстан – цифрлық құжаттарды толыққанды енгізген санаулы елдердің бірі. Нәтижесінде азаматтарымыздың өзімен бірге жеке куәлігін, жүргізуші куәлігін, оқу орнын бітіргені туралы дипломын, неке туралы куәлігін және басқа да құжаттардың 15 түрін алып жүруі және көрсетуі талап етілмейді. Бұл жұмыс сөзсіз жалғасады. Мемлекет осы бағытта азаматтармен және бизнеспен өзара проактивті түрде қарым-қатынас жасайды. «Отбасының цифрлық картасы» енгізіліп жатыр. Ол нақты уақыт режимінде әртүрлі 80-нен астам параметрге талдау жасайды. Бұл өмірде қиын жағдайға тап болған отбасыларға ешқандай бюрократиясыз жедел көмектесуге мүмкіндік береді. Ең бастысы, аталған әдіс нақты атаулы әлеуметтік көмекке көшуге ықпал етеді. Үкімет жыл соңына дейін бұл цифрлық сервисті пайдалануға беруі керек, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев IT саласына қолайлы жағдай жасау мәселесін екінші басымдық ретінде атап өтті. Президенттің пікірінше, аймақ бойынша Қазақстан – IT саласын дамыту үшін өте жақсы жағдай жасаған елдердің бірі. Бұл нормативтік базаға да, IT бизнесті дамытудың бірегей режимдері мен құралдары бар арнайы платформаларға да қатысты. «Astana Hub» IT стартаптарының халықаралық технопаркі арнайы салық және виза режимінде жұмыс істейді. Қазірдің өзінде 900-ден астам компания оның резиденті атанып, қазақстандық және халықаралық нарықтарда табысты қызмет етеді.

ҚОЛЖЕТІМДІ ЖӘНЕ САПАЛЫ ИНТЕРНЕТПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ – ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

Қазақстан IT инфрақұрылымын кең көлемде жаңғырту ісін жалғастырады. Мемлекет басшысының айтуынша, трафик шоғырланатын әлемдік орталықтарға қосылу үшін транскаспий учаскесінде әзербайжандық әріптестермен бірлескен жұмыстар басталған. Бұл жерде сөз Оңтүстік Шығыс Азия мен Еуропа туралы болып отыр. Сонымен қатар, Қазақстанға Cloud есептегіш нарығының ірі өкілдері саналатын Microsoft Azure, Amazon Web Services, Google Cloud және басқа да компаниялар тартылып жатыр.

– Халқының 40 пайызға жуығы ауылдық жерде тұратын біздің еліміз үшін барлық азаматты қолжетімді және сапалы интернетпен қамтамасыз ету – өзекті мәселе. Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі шалғайдағы ауылдарды SpaceX және OneWeb төмен орбиталы спутник жүйесінің желісімен қамту жұмысын күшейтуі керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Цифрлық экономика мен Индустрия 4.0-ді дамыту ісі де еліміздің басым бағыты болмақ. Президент әлемнің бір орнында тұрмайтынын, технологияның одан әрі дами беретінін айта келе, Үкіметке цифрлық экономиканы одан әрі дамыту үшін қолдау шараларын дер кезінде ұйымдастыруды тапсырды.

Қасым-Жомарт Тоқаев адами капиталды күшейту мәселелеріне арнайы тоқталды. Мемлекет басшысы екі жыл бұрын әлемнің IT нарығына 30 миллион маман керек болғанын айтты. Бүгінде қажеттілік 100 миллионға жетті, 2025 жылға қарай 200 миллионға дейін артады. Сондықтан Президент 2025 жылға қарай, кем дегенде 100 мың жоғары білікті IT маман даярлау қажет екенін айтты.

– Жуырда Нью-Йоркке жасаған жұмыс сапарым барысында Digital Nomads IT қоғамдастығындағы жас отандастарымызбен кездестім. Олар АҚШ пен Еуропадағы ірі компанияларда жұмыс істейді және жаһандық деңгейде бәсекеге қабілетті. Бүгінде Қазақстанда халықаралық деңгейдегі өнім шығаруға қабілетті дарындылар аз емес. Сондықтан мен Үкіметке оларды қай жерде жұмыс істесе де қолдау көрсетуді және елімізді цифрландыруға барынша араластыруды тапсырдым, – деді Мемлекет басшысы.

АҚПАРАТТЫҚ ҚОҒАМ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ ЭКОНОМИКА: ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ АЛМАСУ АСА МАҢЫЗДЫ

Президент қазіргі ақпараттық қоғамда және цифрлық экономикада үздіксіз білім алмасу аса маңызды деп есептейді. Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа идеялар мен серпінді жобалар тек еркін және үйлесімді қоғамда ғана жүзеге асатынына сенімді екенін жеткізді.

– Ақпараттық өркениеттің дамуы нәтижесінде цифрлық көшпенділер сияқты құбылыс пайда болды. Қазіргі диджитал-номадтар жаһандық кибер және физикалық кеңістікті белсенді игеріп, жаңа өнімдер мен нарықтарды құрып жатыр. Бүгінгі форумдағы нәтижелі пікір алмасу аймақтың цифрлы болашағының бағдарын айқындауға, Еуразия кеңістігінде жаңа серпінді бастамаларды жүзеге асырудың негізін қалауға мүмкіндік беретініне сенімдімін, – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар, пленарлық отырыста Kaspi.kz компаниясының басшысы және негізін қалаушы Михаил Ломтадзе, Bharti Enterprises және OneWeb компаниясының негізін қалаушы және төрағасы Сунил Барти Миттал, Samsung Electronics компаниясының корпоративтік президенті Ин Йонг Ри, inDriver компаниясының негізін қалаушы Арсен Томский, TikTok компаниясының вице-президенті Тео Бертрам сөз сөйледі. Reinvention Academy компаниясының негізін қалаушы Надя Жексембаева форумның пленарлық отырысында модератор болды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

БРИФИНГ

ЖАҒДАЙ ЕРЕКШЕ БАҚЫЛАУДА

Суреттерді түсіртен Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Құралай ИМАНБЕККЫЗЫ

(Басы 1-бетте)

Баспасөз мәслихатында Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев, Алматы қаласы Полиция департаментінің көші-қон қызметі басқармасының басшысы, полиция полковнигі Асхат Бутунчинов, «Азаматтарға арналған үкімет» МК КЕАҚ Алматы қаласы бойынша филиалының директоры Абдурасул Кулдашов қатысып, қала тұрғындарына Алматыға келіп жатқан ресейліктер туралы ақпараттармен бөлісті.

Брифинг барысында Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев барлық мемлекеттік институттар, әсіресе көші-қон қызметі штаттық режимде жұмыс істеп, жағдайды бақылауда ұстап отырғанын хабарлады.

Спикер сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы аясында Алматы қаласының әкімдігі Ресей Федерациясы азаматтарының келуіне қатысты арнайы жоспар дайындағанын жеткізді.

«22–27 қыркүйек аралығында Алматы қаласына 5066 РФ азаматы келіп, 4172 адам кері қайтқан. 894 ресейлік қала аумағында қалды. Бұл біздің қала үшін үлкен көрсеткіш емес. Алматының барлық қызметтері түгел қажетті жұмысты орындауға дайын. Мемлекеттік органдар заңға және халықаралық міндеттемелерге сәйкес барлық қажетті көмекті көрсетеді. Яғни ешқандай артықшылық болмайды», – деді А.Қырықбаев.

Сондай-ақ, ол барлық мемлекеттік мекемелер, әсіресе көші-қон қызметі штаттық режимде жұмыс істеп, жағдайды бақылауда ұстап отырғанын баса айтты.

АЛАҢДАУҒА НЕГІЗ ЖОҚ

Брифингте сөз алған «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік мекемесінің Алматы қаласы бойынша филиалының директоры Абдурасул Кулдашов 21 қыркүйектен бастап Ресейде ішінара жұмылдыру туралы хабарландырудан кейін бізге келген ресейліктердің қатары көбейгенін айтты.

Спикердің айтуынша, Алматыда 8 аудандық, 4 мамандандырылған бөлім, бір көші-қон қызметі орталығы жұмыс істейді. «Ағымдағы жылдың 1 қаңтар мен 26 қыркүйек аралығында 81 156 қызмет көрсетілді. Оның ішінде «Қазақстан Республикасына уақытша келген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар үшін жеке сәйкестендіру нөмірін қалыптастыру» бойынша 74 698 қызмет көрсетілді.

«Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға ҚР-да уақытша тұруға рұқсат беру» бойынша – 6458 қызмет», – деді А.Кулдашов. Сонымен қатар, ол 21 қыркүйектен 26 қыркүйекке дейін «Қазақстан Республикасына уақытша келген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар үшін жеке сәйкестендіру нөмірін қалыптастыру» мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін 2851 қызмет алушы жүгінгенін атап өтті. «Айта кетсек, ресейліктер Қазақстанда ЖСН-ді резидент еместер ретінде рәсімдеуде. Шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында уақытша тұруға рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін 474 қызмет алушы жүгінді. Екі қызметтің де дайындалу уақыты 1 жұмыс күні», – деді ол.

ЗАҢ ТАЛАПТАРЫ ҚАТАҢ САҚТАЛУЫ ТИІС

Брифинг барысында Алматы қаласы Полиция департаментінің көші-қон қызметі басқармасының басшысы, полиция полковнигі Асхат Бутунчинов қала тұрғындары және қонақтарына Қазақстан Республикасының көші-қон заңнамасының талаптарын қатаң сақтауды еске салды.

Полиция өкілінің айтуынша, «Көшіп келушілердің Қазақстан Республикасына келуі мен онда болуы қағидаларының» 9-тармағына сәйкес шетелдік азаматтарды қабылдайтын жеке және заңды тұлғалар өздеріне келетін көшіп келушілер туралы Ішкі істер органдарын хабардар етуге міндетті.

«Аталған хабарлама шетелдік азамат келген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде міндетті түрде беріледі. Осы мерзімді өткізіп алған және көшіп келушінің келуі туралы Ішкі істер органдарына хабарламаған жағдайда, Қазақстанда қабылдаушы жеке және заңды тұлға Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 518-бабы бойынша жауапқа тартылатынын ескертеміз», – деді полиция өкілі.

Әкімшілік шара қолдану тәртібі:

- ***Жеке тұлғалар үшін ескерту түріндегі жаза, ал қайталап бұзғаны үшін – 30 айлық есептік көрсеткіш немесе 91 890 теңге мөлшерінде айыппұл көзделген.***
- ***Заңды тұлғалар үшін 10-нан 25 айлық есептік көрсеткішке дейін. Қайталанған жағдайда 100 айлық есептік көрсеткішке дейін айыппұл қарастырылған, бұл 306 мың теңгеге тең.***

Шетелдіктің келуі туралы хабарламаны қабылдаушы тарап үш тәсілмен бере алатынын хабарлаймыз.

1. Жеке және заңды тұлғалар көшіп келушінің келгені туралы электрондық визалық және көші-қон порталы арқылы тікелей хабарлай алады vmp.gov.kz немесе egov.kz арқылы. Ол үшін қазақстандық тарап электрондық цифрлық қолтаңбасы және көшіп келушінің паспорттық деректері жеткілікті.

2. Қазақстан тарапынан қабылдаушы жеке және заңды тұлғалар шетелдіктің келгені туралы хабарламаны тікелей өз ауданы бойынша ішкі істер органдарының көші-қон қызметінің бөлімдері мен бөлімшелеріне бере алады.

3. E-Qonaq қосымшасы арқылы хабарлама беріледі» деді полиция өкілі брифинг барысында.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Орталықтардың жұмыстары күшейтілді

Алматы қаласы әкімдігінің Open Almaty қоғамдық қабылдауының тәулік бойы тегін колл-орталығы жұмыс істейді. Барлық өзекті сұрақтар бойынша 1308 (мобильді қазақстандық ұялы байланыс операторының қоңырауы, тек Алматы қаласында ғана қолжетімді) және +7 (727) 338-33-88 (қалалық телефоннан қоңырау) телефондарына хабарласуға болады.

Бұдан басқа, көші-қон саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру мәселелері, шетел азаматтарының Алматы қаласының аумағында болу ережелері бойынша жедел желі ұйымдастырылды: +7 (727) 254-43-17, +7 (727) 254-46-97.

Әрбір аудан әкімдігінде кеңес беруге дайын жауапты тұлғалар кезекшілік етеді

Алатау ауданы әкімінің аппараты
299-86-72.

Алмалы ауданы әкімінің аппараты
+7 708 683 0294 WhatsApp.

Әуезов ауданы әкімінің аппараты
303-25-20,
+7 701 964 3536 WhatsApp.

Бостандық ауданы әкімінің аппараты
274-96-13.

Жетісу ауданы әкімінің аппараты
384-27-74.

Медеу ауданы әкімінің аппараты
291-32-69,
+7 702 047 42 73 WhatsApp.

Наурызбай ауданы әкімінің аппараты
305-38-71,
+7 708 145 08 01 WhatsApp.

Түрксіб ауданы әкімінің аппараты
251-10-07.

Сонымен қатар, Жетісу ауданындағы «Құлагер» шағынауданы, Серіков көшесі, 6 А мекенжайындағы ХҚКО-да Ресейден келген релоканттарға қызмет көрсету жұмыстары күшейтілді.

Онда азаматтарды қабылдау үшін 20 жұмыс орны, ұйымдастыру техникасымен жабдықталған дайын құжаттарды беру үшін екі орын құрылды. Бөлім қызмет алушылар үшін 50 орынды күту залы, ауызсуы бар диспенсер, температураны бақылау қолайлы жағдайларымен жабдықталған.

Жұмыс кестесі: 9.00-ден 18.00-ге дейін, сенбі күндері – 9.00-ден 13.00-ге дейін, жексенбі – демалыс.

Бірыңғай байланыс орталығы – 1414.

ТҰЛҒАТАНУ

ӘУЕЗОВ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ӘЛЕМДІК ӨРКЕНИЕТ

Алматыда ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің 125 жылдық мерейтойы жоғары деңгейде ұйымдастырылды

Ақтолқын ТҰРЛЫҒАЗЫ

(Басы 1-бетте)

«Алматы кемеңгер М.Әуезов шығармашылығының қайнар бұлағы, Абай атын бүкіл әлемге әйгілеген ұлы туындыларын дүниеге әкелген алтын ұясы болған қасиетті қала екендігін барлығыңыз жақсы білесіздер. Сонау Семей өңірінде балалық шағын өткізіп, қабырғасы қатып, қаламы ұшталып, Алматыға табан тіреді. Жазушының шығармалары Алатаудың баурайында тамыр жайып, әлем өркениетіне мәуесін жайған бәйтерекке айналды. Кемеңгер қаламгердің 40 жылға жуық ғұмыры Алматы қаласымен тығыз байланысты. Бұл жазушының өнімді еңбек етіп, өнегелі өмір сүрген ең жемісті жылдары. Оның Қазақстан Жазушылар одағындағы құдіретті үні, дәрістері, театрда қойылған қойылымдары, қаншама ғалымдарды даярлауда еткен еңбегі біздің санамызда. Жазушының шығармашылығын болашақ ұрпаққа дәріптеу, жеткізу біздің азаматтық парызымыз», – деді Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев.

Конференцияға Ресей, Өзбекстан, Қырғыз Республикасы, Әзербайжан, Мажарстан, Нидерланды және басқа елдердің жетекші ғалымдары, отандық ғылым саңлақтары мен ғылыми қызметкерлер, оқытушылар мен жас ғалымдар қатысты.

«Әуезов түркі әлеміне зерделі зерттеумен, терең таныммен келді. Мәселен, қазақ халық мұрасының, жалпы алғанда, ұлтымыздың кескін-келбетінің алтын өзегі түркілік рух екені қалтқысыз негізделген. Жалпы, М.Әуезовтің түркі эпосының шығу тегі мемлекеттік дәстүрмен байланысты болған деген жүлгелі ойлары кейінгі зерттеулеріне дейін жалғасып, «Манас» эпосын байырғы қырғыз хандығы тарихымен, кеңірек алғанда, түркі эпикалық дәстүрін Күлтегін, Тоныкөк жырларымен сабақтастықта зерттеу керек екені туралы түркологияда алғашқылардың қатарында пікір білдіргені аян», – дейді TÜRKSOY халықаралық ұйымының бас хатшысы Сұлтан Раев.

Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Конференциядан кейін зиялы қауым өкілдерінің қатысуымен «Мұхтар Әуезов және Жаңа Қазақстан: рухани мәдениеттің қоғамдық сананы дамытудағы рөлі» атты республикалық «Дөңгелек үстел» өтті. Онда жазушының шығармалары әлем халықтарының қызғушылығын оятып жатқандығы баян етілді.

«Қазақ әдебиетінде өшпес із қалдырған жазушы ағайымыз қартайған кезінде біздің өлеңдеріміз жаңадан кітапқа басылып шыға бастаған болатын. Сол кездердің өзінде біздерге өзінің пікірін білдіріп, ағалық ақыл кеңесін айтатын еді. Қарап отырсам, міне біз де сол кісінің жасына келіп қалыппыз. М.Әуезов Алаш арыстарының аманатын орындаған жазушы. Сталиннің өзі о дүниелік болар алдында зиялы қауым өкілдерінің өмірін қиды, шығармаларына қиянат жасады. Сол кезеңдерде қиянат көрсе де, аман қалып қызмет жасаған ұлтымыздың ұлы тұлғалары аз болды. Оның бірі Қ.Сәтбаев болса, екіншісі М.Әуезов болатын. Жазушыны әлем әдебиетіне үлкен олжа салды деу аз, ол оны жаңа биікке көтерді, көркемсөз бен көсемсөздің керегесін кеңейтіп, шаңырағын биіктетті, парасат-пайымының көсегесін көгертті», – дейді ақын, қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов.

Іс-шарада М.Әуезовтің тек заңғар жазушы ғана емес, балаларына қамқорлық танытып, білімді азамат атануына өз үлесін қосқандығы жайлы да айтылды. Тіпті, көпшілік біле бермейтін тың деректер де ұсынылды.

«Әкеміз бізге кішкентай кезімізде түрлі әңгіме, дастандарды айтып отыратын. Олардың көпшілігі еліміздің тұмса табиғатымен байланысты еді. Біз әңгіме арқылы табиғатқа тамсанып, көргендей күй кешетінбіз. Әкеміздің Жапонияға, Қырғызстанға жасаған сапары жайлы көбісі біле бермейді. Осы ретте әкеміздің қазақ тарихына бойлатын туындылары жарыққа шықпай қалған еді. Қазір қарап отырсам, біздер көне дәуірді, орта ғасырлардағы оқиғаларды, зар-заман ақындарын, жыршы-жыраулар-мызды білуіміз қажет. Сонда біз жазушының жан сырын ұғына аламыз. Оның жазғандарын, айтқысы келгенін бірден түсінеміз», – дейді мәдениеттанушы, әдебиеттанушы ғалым, филология ғылымының кандидаты, қоғам қайраткері Мұрат Әуезов.

Іс-шарада жазушының әлемдік өркениет пен адамзат ақыл-ойындағы орны мен рөлін айқындау, қазақ және әлем әдебиетінің әдеби байланысын нығайту керектігі айтылды.

«Біз М.Әуезовтің мұрасын жаңа қырынан танып, оны әлемдік аренаға көтеруіміз қажет. Осы уақытқа дейін біз Мұхтартануды социалистік реализмде шығармасын тудырған қаламгер ретінде танып келеміз. Ал негізінде ол олай емес. Сол кездің өзінде Мұхтар барлық адамзаттың мәселелерін көтерген ірі қаламгер. Сондықтан ол әлемге тез танылды. «Абай жолы» романы тек қазақтың тұрмысын ғана насихаттап қойған жоқ. Жалпы адамзаттық проблемалардағы Абай секілді ақындардың мәселесі қалай көтерілді деген сұраққа жауап берді. Сондықтан оны оқыған әлем елдері өзінше ұнатып, оны қызыға оқыды», – дейді М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас директоры, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, филология ғылымының докторы Кенжехан Матыжанов.

Халықаралық ғылыми конференцияның соңында бес бірдей кітаптың тұсаукесер рәсімі өтті. Шараға АҚШ-тың Алматыдағы бас консулы Кэролайн Сэвидж, «М.О.Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығының директоры, филология ғылымының кандидаты Диар Қонаев қатысты. Сондай-ақ, «Менің Әуезовім» атты оқушылардың республикалық шығармашылық сайысының жүлдегерлерін марапаттау рәсімі өтті.

ҚОҒАМДЫҚ ЖҰМЫС ТОБЫ

ARTSPORT: МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР БАР!

Балалар жылы 2022

Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Қалада спорттық және шығармашылық тапсырысты жүзеге асыру бойынша қоғамдық жұмыс тобының кезекті отырысы өтті

Жиынға Алматы қаласы бойынша Тексеру комиссиясының төрағасы Алтай Бердіқұлов, Алматы қаласы прокурорының бірінші орынбасары Нұрсұлтан Рақышев, Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев, жұмыс тобының мүшелері, қызмет жеткізушілерінің өкілдері және басқалар қатысты.

Гүлжанат СЕМБАЕВА

Кездесуде күн тәртібіндегі негізгі мәселелер мемлекеттік спорттық және шығармашылық тапсырыстардың іске асыруын тексеру, аудиторлық іс-шарасы, платформаның анықталған мәселелері туралы artsport.edu.kz және мемлекеттік спорттық және шығармашылық тапсырыстарды одан әрі іске асыру талқыланды.

«Өздеріңіз білесіздер, 2022 жылы қолданыстағы ваучерлер бойынша жеткізушілерге қызметтерді төлеу үшін ағымдағы жылдың қыркүйегіне дейін бөлінгені – 11,7 млрд теңге. Бүгінгі таңда artsport.edu.kz сайтының деректері бойынша шұғылданушылар саны 83 мың баланы құрайды, оның 35,5 мыңы спортпен және 47,5 мыңы шығармашылықпен айналысады. 27 қыркүйектегі жағдай бойынша әкімдікте ұсынылған актілер негізінде биыл маусым айынан тамыз айының соңына дейін көрсетілген қызметтер үшін 2,2 млрд теңге көлемінде берешек бар.

Алматы қаласы әкімдігінің бюджет комиссиясы бұл соманы мақұлдап, өтінім мәслихатқа жіберілген болатын. Мәслихат отырысы 30 қыркүйекте өтеді. Депутаттар бұл өтінішті қолдайды деп үміттенеміз. Осы себепті әкімдіктің берешегі мәселесі шешілген, яғни мәслихат жұма күні мақұлдағаннан кейін, біз одан әрі рәсімдердің жылдам өтуіне және барлық жеткізушімен есеп айырысуға тырысамыз. Бірақ Артспорт жүйесі бойынша өте маңызды мәселелер бар. Мұны прокуратура мен тексеру комиссиясының өкілдері де растап отыр», – деді Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев.

Алматы қаласы прокурорының бірінші орынбасары Нұрсұлтан Рақышевтың айтуынша, Алматы қаласының прокуратурасы Artsport бағдарламасы аясында тексеріс жұмыстарын жүргізген. Соның нәтижесінде айтарлықтай заң бұзушылықтар анықталған.

«6 қылмыстық іс қозғауға негіз бар, біреуінің материалдары алынып, қылмыстық іс қозғалды, қалғанына аудит, тиісті сараптамалар тағайындадық, бірнеше миллион бюджет қаражатын жымқыру анықталды. Мұнда бюджет қаржысын ұрлау үшін нақты схема қолданылғанын көріп отырмыз. Біз осы бағдарламаның жұмысын қолданыстағы заңнамаға сәйкес реттеуіміз керек. Бағдарлама функционалының өзі тиімсіз, бақылау-қадағалау органдарына бюджет қаржысының жұмсалуын уақытылы әрі тиімді бақылауға мүмкіндік бермейтінін көріп отырмыз. Сол себепті, бүгінгі күні прокурорлық қадағалау актілерін енгіздік, онда осы бұзушылықтардың барлығын көрсеттік. Сонымен қатар, өткен жолы бұрын сотталған 10-нан астам жаттықтырушының балалармен жұмыс істеген фактілерінің бар екенін айттық. Тексеру жалғасуда.

3000-нан астам бала шетелде болса да, қағаз жүзінде үйірмеге тіркелген, 5000-нан астам сабақ өткізілмеген. Бұл ретте еңбек шарттарын жасаспаған, зейнетақы аударымдары жүргізілмеген жаттықтырушылардың өздеріне қатысты да еңбек құқықтарының бұзылуына жол берілді. Бірнеше миллион долларлық залал келтірілді, тексеру әлі жалғасып жатыр.

Бұған қоса, жүйенің жұмысына қатысты мәселелер бар. Қазір біз тексеру комиссиясымен бірлесіп, бақылау-қадағалау органдарына жоқ ЖСН, басқа облыстарда тұратын балалар және т.б.с.с. алаяқтықтың жолын кесу үшін бағдарламаның өзіне техникалық аудит жүргізуді пысықтап жатырмыз», – деп атап өтті Нұрсұлтан Рақышев.

Еске сала кетейік, жұмыс тобы 2 қыркүйекте ата-аналар, ArtSportEdu жеткізушілер қауымдастығының мүшелері және әкімдік қызметкерлерінен құрылған болатын.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Бүтін Алматыда құлақтандыру жүйесін тексеру мақсатында сирена дыбыстары қосылады.

«БАРШАНЫҢ НАЗАРЫНА!» дабыл белгісі қосылады

Төтенше жағдай департаментінің хабарлауынша, жергілікті уақыт бойынша 12 сағат 55 минутта құлақтандыру жүйесінің техникалық дайындығын жоспарлы түрде тексеру жұмыстары жүргізіледі. Оқужаттығу тексеруі электр дабылдарын қосу арқылы теле және радио тарату арналарын автоматты түрде қамтумен «Баршаның назарына!» бірыңғай құлақтандыру сигналы арқылы халыққа хабарлайды.

Төтенше жағдайлардың туындау қатері немесе туындауы кезінде халықтың назарын аудару үшін, «Баршаның назарына!» бірыңғай құлақтандыру дабылы беріліп, электросиреналар немесе басқа да сигналдық құралдар қосылады.

Барлық ересек адамдар өздері үрейге берілмей, балаларға сиренаның дыбысы – «Баршаның назарына!» дабылы екендігін түсіндіру қажет. Подъезд және тұрғылықты жері бойынша көршілерге хабарлаңыз – олар берілген ақпаратты естімеген болуы мүмкін. Кез келген дүрбелең мен қауесетті дереу тоқтатыңыз», – делінген хабарламада.

Осыған байланысты департамент Алматы қаласының тұрғындары мен қала қонақтарын сабыр сақтауға шақырады.

Сонымен қатар, Алматы қаласы ТЖД төтенше жағдайлар орын алған жағдайда электродабылдардың қосылу кезіндегі тәртіп ережелерін еске салды.

Егер дабыл кезінде үйде болсаңыз:
- *радио және теледидарды қосыңыз;*
- *шұғыл хабарды тыңдаңыз;*
- *берілген хабарламаға сәйкес әрекет етіңіз.*

Егер дабыл кезінде далада болсаңыз:
- *көшедегі дауыс ұлғайтқыштармен және жылжымалы хабарлау құралдарымен берілетін шұғыл хабарламаны тыңдаңыз;*
- *берілген хабарламаға сәйкес әрекет етіңіз.*

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

Алматы қаласы аумақтық сайлау комиссияларының құрамы

Алматы қаласы аумақтық сайлау комиссиясы

Орталығы: «Алматы қаласы шаруашылық басқармасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Төле би көшесі, 67, 502, 503-каб., тел. 236-21-77.

Төрағасы – Асанова Жанна Бейсентаевна, **төрағасының орынбасары** – Калыкова Айгуль Оразовна, **хатшы** – Тегисов Азамат Рашидович, комиссия мүшелері – Омаргалиева Тана Дуйсеновна, Садыков Бакытжан Шынарбаевич, Туматов Асет Акжанович, Яковлева Надежда Николаевна.

Алатау ауданы аумақтық сайлау комиссиясы

Орталығы: Алматы қаласы, «Шаңырақ-2» шағынауданы, Жанқожа батыр көшесі, 134. «№26 Жалпы білім беру мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесі.

Төрағасы – Сарсенбекова Пернеш Амирбековна, **төрағасының орынбасары** –Ходжаева Лариса Семеновна, **хатшы** – Турсынбетова Алуа Акбергеновна, **комиссия мүшелері** – Сатанбаева Панар Молдахановна, Сейдахметова Жұлдыз Ерболқызы, Куанышева Алия Куанышевна, Әбенов Бекжан Ахметжанұлы.

Алмалы ауданы аумақтық сайлау комиссиясы

Орталығы: Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 97

«Логистика және көлік академиясы» акционерлік қоғамы.

Төрағасы – Жусупов Бауржан Туремуратович, **төрағасының орынбасары** – Әлжанқызы Жанна, **хатшы** – Утемисов Әлібек Пердебайұлы, **комиссия мүшелері** – Иманбаева Сагынкуль Каденовна, Галиева Лязат Бауржановна, Гончаров Сергей Борисович, Есимбеков Канат Доскалиевич.

Әуезов ауданы аумақтық сайлау комиссиясы

Орталығы: Алматы қаласы, 8 шағынаудан, 46

«№116 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Төрағасы – Нуспекова Айгуль Лязатовна, **төрағасының орынбасары** – Таран Елена Владимировна, хатшы – Кимадилова Жадыра Куатбековна, **комиссия мүшелері** – Атабек Даурен Бекмаханұлы, Әліп Айбек Әбішұлы, Алексеева Любовь Яковлевна, Жаубасова Сара Егимбаевна.

Бостандық ауданы аумақтық сайлау комиссиясы

Орталығы: Алматы қаласы, Тимирязев көшесі, 50

«Алматы құрылыс және халықтық кәсіпшілік колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазынашылық кәсіпорны.

Төрағасы – Калиаскарова Шолпан Рысбековна, **төрағасының орынбасары** – Иманкулова Гульнара Анатольевна, **хатшы** – Бекбосынова Гульим Нурадиловна, **комиссия мүшесі** – Наурызбаева Марзия Токтагазиновна, Дильмагамбетова Гульзия Абдрахмановна, Ершова Вероника Юрьевна, Нурадинов Нургали Мухитович

Жетісу ауданы аумақтық сайлау комиссиясы

Орталығы: Алматы қаласы, Ратушного көшесі, 131

«№112 Жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Төрағасы – Мурунова Жаннат Шарапхановна, **төрағасының орынбасары** – Алтыбаева Сауле Мелдешовна, **хатшы** – Әбылғазы Аида Маликқызы, **комиссия мүшелері** – Иманалиева Альбина Касымхановна, Махпиров Адилжан Сайдиакрямович, Калдыбекова Асель Аскаровна, Беркимбаев Асылбек Оразович.

Медеу ауданы аумақтық сайлау комиссиясы

Орталығы:Алматы қаласы, Сәтбаев көшесі, 7А, №622 кабинет, тел. 262-16-46

«Қазақ ұлттық аграрлық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғам.

Төрағасы – Ишанова Алма Кентаевна, **төрағасының орынбасары** – Айдарбекова Марзия Галымовна, **хатшы** – Камалбекова Аяулы Куттыбековна, **комиссия мүшелері** – Салкимбаев Акимжан Абдрахманович, Сманов Аширали Жусупович, Утегенова Карлыгаш Климовна, Кабушева Галия Кенесовна.

Наурызбай ауданы аумақтық сайлау комиссиясы

Орталығы: Алматы қаласы, «Шұғыла» шағынауданы, 347/2, тел. 393-80-79

«Наурызбай ауданы әкімі аппаратының Азаматтардың хал актілерін тіркеу бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Төрағасы – Самыкенова Кулбала Аянбергеновна, **төрағасының орынбасары** – Серикова Дидар Сериковна, **хатшы** – Смагулов Дамир Эрикович, **комиссия мүшелері** – Шопан Анар Талғатқызы, Ахметова Сәуле Әлімханқызы, Мусаев Марат Анварович, Бақтажарова Назерке Болатқызы.

Түрксіб ауданы аумақтық сайлау комиссиясы

Орталығы: 050011, Алматы қаласы, Рихард Зорге көшесі, 18-үй, Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының аудандық бөлімі.

Төрағасы – Солодникова Любовь Витальевна, **төрағасының орынбасары** – Есимбекова Сауле Андашовна, **хатшы** – Оспанова Индира Майдуновна, **комиссия мүшелері** – Садықова Гульбахрам Нурдуновна, Шоқанаев Мұрат Тынбайұлы, Пожарницкая Ольга Григорьевна, Россиев Антон Владимирович.

ШАҺАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

КӨПТЕН КҮТКЕН ИГІЛІК

Үлкен Алматы автомобиль айналма жолы 85%-ға дайын

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Мемлекет басшысының инфрақұрылым бағдарламасы бойынша жоспарланған Үлкен Алматы автомобиль айналма жолының құрылысы жүріп жатқанына үш жылға жуық уақыт болып қалды. 6 жолақты алып жолдағы жұмыстар бүгінде аяқталуға жақын.

Құрылысшылардың айтуынша, айналма жолдың ұзындығы 66 шақырымды құрайды. Бүгінде оның 50 шақырымына соңғы асфальт қабаты төселген.

«ҮААЖ Инвестициялар және Операциялар» компаниясының Tengrinews.kz сайтына берген ресми жауабында асфальтбетон қабаттарын төсеу жұмыстары мынадай ретпен орындалғаны көрсетілген. Яғни кеуекті асфальтбетон қабаты – 64,27 шақырым; тығыз асфальтбетон қабаты – 64,19 шақырым; модификацияланған полимерлі битуммен қиыршықтас-мастика асфальт қабаты – 50,26 шақырым жолға жол жабыны толығымен төселіп біткен.

Сондай-ақ, екіжақты қозғалыстың барлық ені бойынша жұмыстар аяқталған. Ол тасжолдың бүкіл ұзындығы бойынша орындалды.

Ерекшелік – тек 45-тен 47-шақырымға дейінгі учаске. Сондай-ақ, ҮААЖ үш жолайрықтың шығаберісінде, яғни Алматы – Бішкек; Алматы – Шамалған; Комсомол – Жәпек батыр тасжолы қиылыстарында әлі асфальт төселмеген:

ҮААЖ салынатын 40 жолайырық пен көпірге келетін болсақ, олардың бәрі дерлік салынып бітті.

«39 учаскеде құрылыс-монтаж жұмыстары аяқталды. Оның ішінде 36 учаскеде асфальтбетон жабынын төсеу бойынша жұмыстар орындалды. Жеті жолайрықтың бәрінде жол өтпелерін (жолайрықтан түскен жердегі тасжолмен қосынды) салу жұмыстары аяқталды. Үш жолайрықта өтпелер салу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Қалған төрт өтпенің құрылысы аяқталды, онда абаттандыру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Жолайырықтар бойынша жұмыстарды орындау – 90%. Жалпы, ҮААЖ жобасының өзі бүгінде 85%-ға дайын», – деді компания өкілдері.

КЕРЕК ДЕРЕК

- **Айналма жолдың құрылысы 2019 жылы басталған.**
- **Жолдың ұзындығы 66 шақырымды құрайды.**
- **Автомобиль жолының 13 шақырымы 4 жолақты, қалғаны 6 жолақты болады.**
- **Тасжол 1 дәрежелі жол болып есептеледі және онда сағатына 150 шақырым жылдамдықпен жүруге болады.**
- **Жалпы бұл жерде 8 бағыт бойынша айналма жол бір-бірімен байланысады және ол өзара 38 көпірді жалғайды.**

P.S. **Егер Үлкен Алматы айналма автомобиль жолының құрылысы бітсе, ең бастысы көлік қызметінің сапасы артады. Нақтырақ айтқанда, көлік кептелісі мәселесі азаяды. Яғни Алматы арқылы өтетін транзиттік көліктердің саны қысқарып, экологиялық жағдай жақсарады. Екіншіден, бұл жолдар үздіксіз және қауіпсіз қозғалысты қамтамасыз ете отырып, қаланың басқа өңірлермен қарым-қатынасын жақсартады. Одан бөлек, Еуропа мен Азия арасын жалғайтын автокөлік дәлізімен жүретін қозғалысқа да септігін тигізеді.**

Жалпы, мамандардың болжамынша, ҮААЖ пайдалануға берілгеннен кейін барлық транзиттік ағын – тәулігіне шамамен 38 мың автомобиль Алматы қаласын айналып өтетін болады.

ҚОҒАМ

Жетім бала болмасын десек...

«Баланы асырап алушы ата-аналар мектебі» туралы сөз

Алматы қаласы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен кезекті онлайн-брифингте әлеуметтік өзекті тақырыптардың бірі – бала асырап алуға ниет еткен ерлі-зайыптыларға көмектесіп жүрген қоғамдық қор жұмысы, сондай-ақ, «баланы асырап алушы ата-аналар мектебі» туралы сөз қозғалды.

Нұржамал ӘЛІШЕВА

«Ана үйі» қоғамдық қорының атқарушы директоры Ажаркүл Қылышбаева, Шымкент қаласындағы бала асырап алу жөніндегі Ұлттық агенттіктің психологі Ләззат Серімбетова сөз сөйлеп, БАҚ өкілдерінің сауалдарына жауап берді.

Ажаркүл Қылышбаева «Ана үйінің» жетімдіктің болмауы және балалар үйіне түсетін балалар санын азайту жолында жұмыс істеп келе жатқанына 9 жылдың жүзі болғанын атап өтті.

Бүгінгі күні еліміздің 18 қаласында 21 аналар үйі жұмыс істейді. Олар, әсіресе, өмірге жаңа ғана келген бөбектердің жетім қалмауы үшін, яғни анасының одан бас тартпауы жолында елеулі жұмыстар атқарып келеді. Осылайша 9 жыл ішінде 5934 әйел қор тарапынан уақытылы атаулы әлеуметтік көмегін алған және олармен жақын, іштартып сөйлесу, сырласу, түсіндіру жұмыстарының нәтижесінде балаларынан бас тартқан жоқ, бөбектер анасының құшағында қалды.

Сондай-ақ, аналар үйінің жүйелі түрде жолға қойылған жұмыстары интернатта тәрбиеленіп жатқан жетім балалар санының қысқаруына мүмкіндік берді. Мәселен, 2013 жылғы 10 мың бала 2016 жылы 7 мыңға дейін азайған. Алайда, бұл еліміздегі жетімдік мәселесін шешу үшін жеткіліксіз екені анық.

«Сондықтан қор жұмысының екінші кезеңін іске қостық. Нақтырақ айтсақ, 2016 жылы Бала асырап алу жөніндегі агенттік бағыты жүзеге асырыла бастады. Оның миссиясы – бала асырап алған отбасыларды кәсіби тұрғыда дайындау, қолдау, жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалардың жаңа отбасын табуына жәрдемдесу. Сондай-ақ, біздің қоғамда бала асырап алу мәдениетін дамыту», – дейді Ажаркүл Қылышбаева.

Бүгінгі күні агенттік көмегімен балалы болғысы келетін ерлі-зайыптылар 1660 жетім баланы асырап алған, 14,5 мың азамат өздерін мазалаған сауалдар бойынша кеңес алған. *«Алматы қаласы бойынша біздің агенттік өкілдерінің көмегімен 128 бала 104 отбасына орналастырылды. 1519 алматылық кеңес алды, 361 алматылық «бала асырап алушы ата-ана мектебінен» өтті»,* – дейді спикер.

Ал психолог Ләззат Серімбетова бала асырап алу жөнінде жауапты қадамға баратын ерлі-зайыптыларға міндетті түрде психологиялық дайындық қажет дейді. Өйткені, өкінішке қарай, асырап алған баланың қайтадан жетімдер үйіне оралатын жағдайлары да аз емес. Ал бұл тәрбиеленуші үшін үлкен психологиялық жарақат болмақ.

«Біз бала асырап алғысы келетін ерлі-зайыптылармен сөйлесеміз, екіжақты сұхбат құрып, диалог орнатамыз. Ол үшін арнайы тренингтер де өтеді. Сөйтіп, үміткер ата-аналарды бала асырап алуға дайындауға, қажетті барлық ақпаратты беруге, дағдыларды үйретуге, маңызды сұрақтарға жауап табуына көмектесеміз. Әрине, баланың аты – бала. Оның үстіне, көңілінде өзін тастап кеткен биологиялық ата-анасына деген өкпесі, реніші бар. Сондықтан жаны жаралы бала асырап алған отбасына бірден сіңісіп кете алмайтыны анық. Мұндайда біз ересектерді, яғни асырап алушы ерлі-зайыптыларды өмірді көрген тәжірибелі адам ретінде барлық жағдайға түсініспікпен қарауға шақырып отырамыз», – деді Ләззат Серімбетова.

ЖАСТАР САЯСАТЫ

ЖАС КІТАПХАНАШЫЛАР СЛЕТІ

Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдық мерейтойына арналды

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ 150 жыл

ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің Мәдениет комитетіне қарасты Заңып және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапханасы «Арнайы кітапханалар және Байтұрсынов әлемі» тақырыбында Жас кітапханашылардың IV слетін өткізді.

Нұржамал ӘЛІШЕВА

Алғашқы слет «Жастар жылы» аясында ұйымдастырылған болатын. Пандемия кезінде кейінгі екі слет онлайн-режимде өтті. Ал биылғы слет жас мамандарға Алматы төрінде бір-бірімен жүзбе-жүз көрісуге, бас қосуға мүмкіндік берді. Олар алқалы жиындарын қоғам және мемлекет қайраткері Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдық мерейтойына арнады.

Еліміздегі арнайы кітапханалар Жас кітапханашыларының IV слеті Заңып және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхананың оқырмандарды ақпаратпен, біліммен, мәдени құндылықтармен қамтамасыз ету жолындағы даму сатысын айқындау; жас кітапханашылардың мамандыққа деген сүйіспеншілігін арттыру; жұмыстың жаңа түрлері мен әдістерін енгізу; кітапхана мен қызметкерлердің имиджін нығайту; кітапханалық кәсіби жастар қоғамын қалыптастырып, оны дамытуға, тәжірибе алмасып, біліктілікті арттыру; заңып ақындардың ой-толғамдарын кеңінен дәріптеу; еліміздегі заңып жандарға арналған бедерлі-нүктелі қаріптегі басылымдардың шектеулі шығарылуы жағдайында, қолжетімді форматтағы басылымдарды және тактильді кітаптарды шығаруда, арнайы кітапханалар қызметіне назар аудару мақсатында өткізілді.

Слетке жас кітапханашылармен бірге республикамыздағы 17 арнайы республикалық, облыстық, қалалық кітапханалар мен кітапхана бөлімдерінің басшылары мен Ресей және Түркияның өкілдері, мүгедек жандардың мүддесін қорғайтын үкіметтік емес ұйымдар қатысты.

Сондай-ақ, арнайы кітапханалардың көбеюі еліміздің интеллектуалды деңгейінің артуына зор ықпал ететіні, заманауи технологиялар ғасырында әдеби мұрамызды сақтап қалу, нүктелі-бедерлі қаріптегі басылымдардың санын сапалы түрде арттыру; А.Байтұрсынұлының ғылыми мұрасын зерттеуде, танытуда жаңа белеске көтерілуге үлес қосу сынды тақырыптар да кеңінен талқыланды. Жас мамандар слетін «Заңып және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана» РММ-нің директоры Асхат Байұзақов ашып, күн тәртібімен таныстырды.

Екі күнге жоспарланған слет аясында саланың шешілуге тиісті көптеген мәселесі назарға алынып, арнайы кітапхана желісінің сапалы адами капиталды қалыптастырудағы және қоғамдық сананы жаңғыртудағы рөлі мен орны, кітапхана саласын дамыту, цифрландыру жүйесіндегі кітапханалар, арнайы кітапханаларды сандық ортаға интеграциялау және заманауи форматта дамыту сияқты өзекті тақырыптар қозғалды.

Слеттің екінші күні Ахмет Байтұрсыновтың Заңып және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана өкілдері шығарған «Көп томдық шығармалар жинағының» нүктелі-бедерлі қаріптегі және MP3 форматтағы аудионұсқасының тұсаукесері өтті. Ал «Кітапханалардың сандық жүйеге өтуі» тақырыбындағы семинар-тренингте ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы директорының орынбасары Нұржан Жолдыбалинов кітапханалардың сандық жүйеге өтуінің маңызына, оның кітапхана қызметінің дамуына тигізер оң ықпалы мен мүмкіндіктеріне, сонымен қатар, мобилография ұғымына, оның кітапхана ісін жандару жолындағы пайдасына кеңірек тоқталды.

«Қазақ әліпбиінің алғашқы авторы және ұлт мақтанышы» тақырыбында өткен «Дөңгелек үстел» басындағы әңгімеде жас мамандарға Ахмет Байтұрсынұлының ерең еңбегі, тұлғалық қасиеттері айтылып, Алаш қайраткерінің шығармашылығы терең талқыланды. «Ахмет Байтұрсынов және біртұтас Алаш идеясы», «Дәуірдің жарық жұлдызы», «Арнаулы кітапхана – Ахмет Байтұрсынов мұрасын насихаттаушы», «Ахмет Байтұрсынұлы мұрасына заманауи көзқарас», «Тұғыры биік тұлға» деген тақырыптарда баяндамалар тыңдалды.

Слетте «Қазақ халқының ұлы тұлғасы» кітап көрмесі ұйымдастырылды. Рухани іс-шара соңында слетке белсенді қатысып, мағыналы баяндама жасаған жас кітапханашыларға арнайы сертификаттар табысталды. Кітапханалардың өміршең болуы білімді де креативті жастардың қолында. Ал осы слет сол жас кітапханашыларға шабыт бергені анық.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Зерде КОЖАМБЕРДІ, жас кітапханашы:

КІТАП ТА ДОС БОЛА АЛАДЫ

Бала күнімнен кітапқа жақын болдым. Ондағы кейіпкерлермен бірге қуанып, бірге мұңаятынмын. Бәлкім, кітапханашы болуға сол кітапқұмарлығым алып келген болар. Бірақ мектеп кітапханасы болсын, қалаішілік үлкен кітапханалар болсын, көбіне егде жастағы оқырмандарды көретінмін де, жастарды мүлдем кездестірмейтінмін. Ал мен замандастарыма кітаптың рухани дос бола алатынын, онымен сырласуға да болатынын жеткізгім келеді. Кітапты өзім ғана оқып қоймай, басқалар да оқыса, ішінен өміріне керегін алса деймін.

Мен ең алғаш Заңып және көзі нашар көретін азаматтарға арналған кітапханаға жұмысқа келгенімде, «оларға біздің көмегіміз ауадай қажет, көзі көрмеген соң көп нәрсеге қолы жете бермейді» деп ойлаппын. Сөйтсем, олардың көкірек көзі ашық екенін байқап таңқалдым. Оқысам, білсем, танысам деген құлшыныстары менің өзіме шабыт сыйлайтын. Мен қазір Заңып және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхананың кітапхана қорын толықтыру және өңдеу бөлімінде жұмыс істеп жүрмін. Мүмкіндігі шектеулі жандардың сұранысын толыққанды өтеу, тіпті олардың әлемдік деңгейдегі ақпараттарға да, аудиоматериалдарға да қол жеткізе алуы жолында еңбек етуден шаршамақ емеспін.

ҰЛТТЫҚ ҰЛАН

ҚАУІПСІЗДІК ҚАЛҚАНЫ

«Ұлттық Ұлан» ән-би ансамблінің концерті өтті

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі мен Ұлттық ұланның ақпараттық-насихаттық тобы еліміздің бірнеше өңірі бойынша республикалық тур өткізуде.

Гүлжанат СЕМБАЕВА

2 қазанға дейін жалғасатын бұл сапардың негізгі мақсаты – әскери қызметшілер мен өңір азаматтарына Қазақстан Республикасы Президентінің «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» Жолдауын және еліміздің тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктерін насихаттау. Әскери қызметшілер мен азаматтық жастарды қазақстандық патриотизм және конституциялық борышқа адалдық рухында тәрбиелеу, ішкі істер органдары мен Ұлттық ұланның имиджін нығайту, азаматтардың ішкі істер органдары қызметкерлері мен әскери қызметшілерге, олар орындайтын қызметтік-жауынгерлік міндеттерге деген оң көзқарасын қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар өткізу.

Халық қаһарманы, полковник Қайрат Үмбетов басшылық жасайтын Ақпараттық-насихаттық тобының «Қазақстан Республикасына қызмет етемін!» ұраны аясындағы іс-шара Алматы қаласында болып өтті. Енді Талдықорған, Қонаев, Тараз қалаларында өткізу жоспарланған.

«Алатау» дәстүрлі өнер театрында өткен «Ұлттық ұлан» ән-би ансамблінің гала-концертін күштік құрылымдар, комитеттер, департаменттердің қызметкерлері, ардагерлер, БАҚ өкілдері, әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелері, сондай-ақ қала тұрғындары мен қонақтары тамашалады.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің бастамасымен Ұлттық ұланның ақпараттық-насихаттық тобы мен ән-би ансамблі шара барысында Ұлы Отан соғысының ардагерлері және тыл еңбеккерлерімен кездесіп, 28 гвардияшыл-панфиловшылар ескерткішіне гүл шоқтарын қойды.

Негізі, әскерге шақырылуға дейінгі жастармен әскери қызметтің беделін және Отан қорғаушының имиджін көтеру туралы әңгімелесулер жоспарланған. Сонымен қатар, өңір тұрғындарына арнап Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының ән-би ансамблі елдік пен халықтар достығы тақырыбында, жастарды өз Отанын сүюге, әскери өмірдің игі дәстүрлері мен ұрпақтар сабақтастығын дәріптеуге шақыратын концерттік бағдарламаларын ұсынады. Концерттік бағдарламада Ғайни Жұмашева, Нұрсұлтан Қарабалиев, Ерасыл Бозаев, Сәкен Әлімханов, Денис Яковлев, Дихан Ильяшев, Нұрсұлтан Ералин, Айгерім Молдибаева, Бауыржан Бақытбеков сынды еңбек сіңірген өнер қайраткерлері мен халықаралық байқаулардың лауреаттары өнер көрсетеді.

Шараға күштік құрылымдар, комитеттер, департаменттердің қызметкерлері, ардагерлер, БАҚ өкілдері, әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелері, сондай-ақ қала тұрғындары мен қонақтары шақырылған.

КИНОЛОГИЯ

Кинология саласындағы «қызметтік иттер» дегенді бұрын естіген шығарсыз?! Жалпы, дүние жүзінде иттердің 700-ден астам тұқымы белгілі. Адам баласының досы саналатын бұл жануар шамамен 10 мың жыл бұрын қолға үйретіле бастаған.

ҚЫЗМЕТТІК ИТТЕР

есірткі заттарды іздеуде таптырмас көмекші

Гүлжанат МАРАТҚЫЗЫ

Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Жақында газетімізде биыл қызметтік иттердің ел полициясына 4200-ден астам қылмысты ашуға көмектескенін жазғанбыз. Қызметтік иттер иіс арқылы есірткі заттарды іздеуде, жарылғыш заттарды анықтауда, одорологиялық, қарауылдық, штрумдық бағыттағы және патрульдік кедендердегі иттер болып бөлінеді.

ҚР ІІМ Кинология орталығының мәліметінше, қызмет түріне қарай иттер адамдарды, есірткілерді, жарылғыш заттарды және шабуылдаушыларды іздейтін іздеуші иттерге бөлінеді. Кинологтың тек сол жағында жүреді әрі одан бір адым артта немесе алда жүрмейді. Үнемі қатар жүруге үйретіледі.

Суреттегі иттің аты – Астра. Алматыдағы қылмыстық хроникалардың кейіпкерлерінің бірі, белгиялық төбет. Алматы облысында өтіп жатқан «Қарасораның» жедел алдын алу іс-шарасы аясында тамыз айында Астра секілді полицейлік иттің арқасында 290 грамм героин анықталып, тәркіленген.

Мұндай қызметтік-іздестіру иттері адамның иіс ізі бойынша, жарылғыш заттарды, сондай-ақ есірткі құралдарын іздеу бойынша жұмыс істеуге үйретіледі. Сонымен қатар, керемет иіс оларға одорологиялық сәйкестендіруге, яғни иістерді тексеруге мүмкіндік береді. Төрт аяқты үй жануарларының жұмысы қылмыстарды «ізін суытпай» ашуға көмектеседі. Сол қасиеттерін жоғалтып алмас үшін үнемі кинологтармен бірге жаттығып отырады.

Басқа жануарларға қарағанда олардың иіс сезгіш қабілеті өте жоғары екені белгілі. Иттер шамамен миллиондаған иісті ажыратады. 300–400 метрге дейінгі қозғалысты байқап, 500–600 метр қашықтықтағы дауысты ести алады.

Қалаға әкелінген иттер арнайы бейімделуден өтеді. Себебі, олар климаттық жағдайы Алматыдан өзгеше әртүрлі өңірлерден келеді. Қызметтік иттерді үйрететін кинолог мамандар иттер ауырған жағдайда көрсетілетін медициналық көмектен бастап оқытылады.

Қызметтік иттер 8 жылдан кейін зейнетке шығады. Егер иттің денсаулығы одан әрі қызмет етуді көтерсе, мерзім тағы 2 жылға, яғни 10 жылға дейін созылуы мүмкін.

Ең қызығы, «7 атадан қыз алыспау» деген бұларда да бар екен. «Қағиданы ұстанбаса, ұрпақтарынан дәл осындай қызметтік иттер шықпайды» дейді мамандар.

ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙДЫҢ ЖАҢҒЫРЫҒЫ

БАЙЛАНЫС БАҒАСЫНА БАҚЫЛАУ БОЛМАЙ ТҰР...

Интернет пен ұялы байланыс неге арзандамайды?

Осыдан бірнеше ай бұрын «Almaty aqshamy» газетінде «Қазақтелеком: Алдау ма, әлде арбау ма?» деген тақырыпта сыни материал жарияланғанын көзіқарақты оқырмандарымыз жақсы біледі. Онда байланыс нарығында міндеттемелеріне салғырт қарайтын оператордың күдікті айла-тәсілдері жарияланған болатын. Соңғы уақытта «Қазақтелеком» жұмысының шикілігіне арызданатын оқырмандарымыз көбейді. «Alataý Aqparat» ұжымының да аталған компанияға шағымы бар-тын. Біз ол кезде тек қана «Қазақтелеком»-ның іс-әрекеттері әділетсіз қитұрқы схемаларға ұқсайды деп болжам жасадық. Енді бүгінгі тақырыпта жалпы Байланыс операторларының жұмысына тоқталғанды жөн санадық.

«Қазақтелеком»: Алдау ма, әлде арбау ма?	Almaty aqshamy №73-74	(6209)	28 маусым, 2022 жыл.
Ұлттық оператор көп сұрақ	Almaty aqshamy №83	(6218)	21 шілде, 2022 жыл.
Әлімжеттік пе, әлде әдепсіздік пе?	Almaty aqshamy №91	(6226)	9 тамыз, 2022 жыл

Қыркүйек айы басталғалы бері елімізде ұялы телефонның тарифінің бағасы өсіп кетті. Бұрынғы үйренген тарифіне қосыла алмай, амалсыз қосымша ақша төлеуге мәжбүр болған халық наразылық танытуда. Әйтсе де, еліміздегі барлық ұялы байланыс операторлары қызмет бағасын қымбаттатып отыр. Атап өтер жайт, қазір мектеп табалдырығын енді аттаған баладан бастап, қарияға дейін телефон ұстайды. Яғни ұялы байланыс операторларының тұтынушылары жыл өткен сайын артып барады.

Мәселен, қазір ұялы байланыс абоненттерінің саны халықтан 10 миллионға артық екен. Елімізде халық саны 19 миллион болса, 28 миллиондай ұялы байланыс операторларының қолданушылары тіркелген. Яғни бір адамда 3-4 телефон, сим-картадан бар. Сондықтан сұраныс бар саланы иемденіп отырған ұялы байланыс операторлары қымбатшылықтан біз де қалып қоймайық дегендей қызметтерін қымбаттатып отыр. Ең қызығы, тұтынушының келісімін алмастан бір жақты шешім қабылдап, халықты тығырыққа тіреп отыр.

Мәселен, былтыр осы уақытта билайндағы 12 ГБ, өзге операторларға 200 минут, 0 сек және 200 sms беретін «бәрі L» тарифіне 2880 теңге төлесем, биыл қыркүйек айынан бастап дәл сол тарифке 4200 теңге төлеуге мәжбүр болып отырмын. Өзім мен жолдасыма 4200 теңгеден, мектепте оқитын екі қызыма 3600 теңгелік тарифтен төлесем және арасында үйден жұмыс істейтіндіктен, оқушыларға да ғаламтор қажет болғандықтан үйдегі алтелдің ғаламтор қызметі үшін 6000 төлейтінімді есептегенде ай сайын байланыс қызметі үшін ғана «ішпей-жемей» отбасымнан 21 600 теңге шығын шығады екен. Тапқаның тамағыңнан ауыспайтын заманда қалтаға аз салмақ емес.

«Басқа арзанырақ тариф бар ма екен» деп, билайнның операторларына қоңырау шалдым. «Қыркүйек айынан бастап барлық тариф көтерілді. Ең арзаны 2590 теңгелік. 6 ГБ, өзге операторларға 50 минут береді» деді. Жұмысым негізінен ақпарат алу, хабарласудан тұратындықтан маған оның жетпесі анық. Амалсыз оқушы қыздарымды арзанына көшірмек болып, оқушыларға арналған тарифін сұрадым. «Білім» деген тариф бар 990 теңгелік. 1 ГБ қана беріледі. Ал қоңырауларға минутына 18 теңгеден алынады» деді. Тіпті билайн операторының ішінде өзара тегін емес екен. Бір күнге жетер-жетпес 1 ГБ ты 990 теңгеге сатып аласың. Қоңырау соғуының өзі тегін емес. Күніне 990 теңгеге тариф сатып алып отыратын оқушыларымыз бай ма сонда?!

Менің наразылығымды сезіп, «бәлкім жеңілдік шығып қалар нөмірін айтыңызшы қыздарыңыздың» деді. Айттым, тексере келе «елу пайыз жеңілдікпен 2500 теңгелік тариф бар. 18 ГБ, 210 минуттық, әлеуметтік желілерге тегін. Бірақ бұл жеңілдік бір айға ғана. Одан кейінгі айға тарифтің өз бағасы 4990 теңге. Бірақ бұрынғы 3600 теңгелік тарифке қайтып орала алмайсыз» деді. Алайда, үш ай жазғы демалыста ақша үнемдемек болып, «көз алдымда жүрген бала ғой» деп тарифтерін қоспай қойғандықтан ол жеңілдікке үйдегі екі оқушының абоненттері ілінбейді екен. Қайтадан амалсыз менің нөміріме жеңілдік бар ма деп сұрадым. Жеңілдік бар екен. Яғни қазір елу пайыз жеңілдікпен қосыла аламын. Бірақ кейін 4200 теңгелік тарифыма қайта орала алмайды екенмін. Бір айға ғана елу пайыз жеңілдікпен қостырған 4990 теңгелік тарифпен қалады екенмін. Яғни жеңілдікпен алдап қымбат тарифке кіргізіп алған соң, бұрынғыға зар болып, қымбат тарифке «жіпсіз байланады» екенсің.

Сонда бұлар байланыс операторлары ма, әлде алаяқтар ма?! «Тоқал ешкі мүйіз сұраймын деп жүріп құлағынан айырылыптының» керімен арзан тариф іздеймін деп жүріп, өз тарифіме зар болып қалармын деп бетім қайтып қалды. Баланың қауіпсіздігі үшін мектептен шыққан соң үйге жеткенше, үйден мектепке барғанша үнемі байланыста отырмасаң тағы болмайды. Амал жоқ қымбаттаған тарифтеріммен қалдым. Алайда, ай сайын байланыс пен ғаламтор қызметі үшін 21600 теңгенің оңай тимесі анық...

Титықтатқан тариф-ай...

Атап өтер жайт, осынша қымбатшылыққа қарамастан байланыс операторларының жұмысы мінсіз де емес. Арасында жоқ болып кететін ғаламторы талай адамды тығырыққа тіреуде. ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин ғаламтор сапасы үшін операторларға салынатын айыппұл он есе артқанын жеткізді. Алайда, айыппұлдан қорқып, қызмет сапасын көтерген операторлар байқалмай отыр. Оның үстіне, айыппұлды мемлекетке төлейді. Ал бұзылған тұтынушының құқығын кімнен сұраймыз?!

Жақында осындай байланыс телефонымдағы ғаламтордың төмендеуінен жоспарыма айтарлықтай кедергі келді. Байланыс операторлары арқылы шағым айтып, «мен сіздерге отыз күндік тарифке ақша төледім. Ал Сіздер бір күн ғаламтор қызметін үздіңіздер. Ол күннің сұрауын кімнен сұраймын» деп қоңырау шалғанымменен, еш көңіл бөлмеді. Амалсыз баспасөз қызметіне қоңырау алып, шағым қалдырған соң ғана кері хабарласқан оператор «бір күндік қызмет құны 156 теңге екен. Соны бірлік ретінде қайтарамыз» деген жауап алдым. Кейін «Сізге 7 күнге 1 ГБ аударылды. Бұл біздің интернет желісі Сізге тудырған қолайсыздық үшін, кешірім сұраймыз. 21 қыркүйекте үшінші тұлғалардың кесірінен шоғырсым үзілді. Біз оның алдын ала алмадық, бірақ қызметті тез қалпына келтірдік. Ренжімеуіңізді өтінеміз» деген хабарлама келіп, 1 ГБ қайтарып берді. Майда-шүйде нәрсе ғой деп мән бермегенімізбен, байланыс операторларының халықтың осы мән бермеуін өз пайдаларына тиімді іске асырып отырғанын байқадық. Ал дәл сол күн мен секілді ғаламторсыз қалған жолдасыма хабарлама да келмеді, бір күнің тариф құнын да қайтармады. Яғни барша тұтынушының құқығын бұзғанымен, тек сұрау салып, мазалағандарының ғана аузын жауып, ал жалпы тұтынушыларға айыбын өтейтін ойлары жоқ екені байқалды. Сондықтан байланыс операторларына құзырлы орындардың қадағалауымен бірге тұтынушы тарапынан да талап қажет екенін аңғардық.

Оларға «әй дер әже» болмай тұр...

Халықтың арқасында қанша табысқа кенеліп жатса да, байланыс операторлары халыққа жағдай жасауды ойламай да отыр. Ел ішіндегі жаппай қымбатшылықты ескеріп, халыққа қолайлы жағдай жасау орнына кірістерін көбейтіп, тарифтерін көтеріп қалуды ойлаған байланыс операторларына не дерсің. Карантиндік жағдайға орай онлайн оқудың тап осы байланыс операторларының кесірінен ойдағыдай болмағаны да рас.

Айтпақшы, карантин кезінде екі жыл бұрын жаңа оқу жылының онлайн білім форматына көшуіне орай еліміздің Білім және ғылым министрлігі ұялы байланыс операторларымен бірлесе «Білім» атты жаңа тарифтік жоспар шығарып отырғанын айтып сүйіншілеген болатын. Ал шын мәнінде тиімсіз тариф оқу сапасын кері кетіріп, интернеті тез таусылып қала бергендіктен оқушылардың басым бөлігі министрлік сүйіншілеген тарифты пайдаланбаған да болатын. Осы орайда, байланыс операторларының «Білім» тарифы балалардың білім алуына арналған, бірақ қолдануына арналмаған көз алдау екенін ұғуға болады. Актив операторында да «Білім» тарифі тура билайндағыдай екен. 990 теңге – 1 ГБ.! Басқа қызметі қарастырылмаған. О баста тамыз айында сүйіншілегендей мұғалім мен оқушы арасындағы лимитсіз қоңырау шалу секілді артықшылықтар байланыс операторларының ешқайсысында қарастырылмаған. Сонда байланыс операторлары 1 ГБ арқылы кімді алдап отыр?

Жалпы, еліміздегі ұялы байланыс операторларының интернет қызметі жылдамдығының тым әлсіздігі, ғаламторға емін-еркін кіру мүмкіндігі жоқтығы бөлек тақырып. Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің мәліметінше, бұл тұрғыда операторларға түсетін арыз-шағым бұрынғыдан 10 есе жиілеген көрінеді. Сондықтан ұялы байланыс операторларына сапасыз ғаламторы үшін салынатын айыппұл биылдан бастап он есеге жоғарылады. Жағдай қайталанса айыппұл да ұлғая бермек. Әйтсе де, одан айылын жиып, ғаламторын жақсартып жатқан байланыс операторларын көре алмай тұрмыз. Неге?!

Қуаныш ЕРМЕКОВА.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Мақаланы дайындау барасында Шымкент қаласы белсенділерінің еліміздің байланыс операторларына қарсылық танытып, тіпті халықтың құқығын заң жүзінде қорғау үшін сотқа жүгініп жатқанын да естіп, іздеп тауып, пікірін алдық.

Рүстем ЕСІМХАНҰЛЫ, қоғам белсендісі, блогер:

ОЛАРДЫҢ ІСІНДЕ БӘРІБІР ТҰТЫНУШЫ ҚҰҚЫҒЫН БҰЗУ БАР

Қалаған уақытында тариф бағасын көтеріп тастап отырған Актив, Билайн, Теле2 ұялы байланыс компанияларына осы айдың басында хат жаздық. Онда олардың халықтың ұялы байланыс саласындағы қызметтерді қай заңға сәйкес көтеретіні туралы, белгілі бір тариф үшін қолданушының ай сайынғы абоненттік төлемін ұялы байланыс операторлары қандай жағдайда және қандай жолмен реттелетінін сұрап отырмыз. Олардың ісінде бәрібір тұтынушы құқығын бұзу бар. Мәселен, бүгінгі күні олардың тариф бағасын біржақты өзгертетінін анықтап отырмыз. Олар ол үшін қандай заңға сүйеніп отыр? Бұл тұрғыда заңда «жария келісім-шарт» қаралғанын біліп отырмыз. Яғни алдын ала бір хабарлама жібереді, соның негізінде келер айда бағаны көтере салады. Бірақ нақты қай заңға сүйенетінін біле алмай отырмыз. Демек, белгілі бір заңға сүйенсе онда министрлік сол заң аясында жұмыс істеуге, халықтың келісімінсіз тарифты көтере беруді қамтамасыз етіп беріп отыр. «Жария келісім» деген әрекеттің өзі монополистерге арналған. Онда олар монополиялық заңмен жұмыс істеуі керек еді. Бәсекеге қабілетті ортада «жария келісіммен жұмыс жасалмайды. Тіпті ондай кезде бағаны нарықтың өзі белгілеп береді. Дегенмен, осынша халықтың, тұтынушылардң құқығын бұзу дерегі бары анық. Сондықтан алдағы уақытта еліміздегі байланыс операторларын сотқа беруді көздеп отырмыз».

НАРЫҚ

АЛМАТЫ КӨШ БАСТАП ТҰР...

Айнұр СЕНБАЕВА

Елімізде жылдан-жылға электронды сауданың көрігі қызып келеді. Қазір жұрт сөмке арқалап, базар, дүкен аралағаннан гөрі қажет затына, тіпті күнделікті азық-түлігіне дейін үйде отырып, қолындағы смартфон арқылы тапсырыс беруге дағдыланып алды. Керегіңді үйіңе жеткізіп берушілердің де жұмысы жандана түсті.

Қазіргі заманда цифрландырудың дамуымен және жаппай онлайн-форматқа көшуімен электрондық сауда әлемдік және қазақстандық экономиканың негізгі драйверіне айналуда. Интернеттегі сауда алаңдары бүгінде кез келген адамға қолжетімді. Сауда және интеграция министрлігі еліміздегі сауда-саттықты дамытудың Ұлттық жобасы аясында 2025 жылға қарай электронды сауданың үлесін 15 пайызға арттыруды көздеп отыр.

Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша, өткен жылы елдегі электрондық коммерция көлемі рекордтық көрсеткішке жетіп 1,04 трлн теңгені құраған, бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 8,4%-ға артық. Оның ішінде 46,3% немесе 482 млрд теңге бөлшек саудаға, 33,6% немесе 349,9 млрд теңге қызметтерге және 20,1% немесе 209,8 млрд теңге көтерме саудаға тиесілі. Бұл ретте онлайн-қызметтерді іске асыру бір жыл ішінде 67,3%-ға, бөлшек сауда – 1,1%-ға өсті, ал көтерме сауда – 23,8%-ға қысқарды. Сарапшылар биылғы жылы электрондық сауданың үлесі тағы да арта түсетінін болжап отыр.

Қазіргі талдауларға сәйкес, 2022 жылы интернет-сатылымда ұялы телефондардың саудасы көш бастап тұр. Өткен жылы қалта телефондары екінші орынға ие болған еді. Мобильді телефондарды сату 91,6 млрд теңгені немесе барлық сату көлемінің 19%-ын құрады. Екінші орында – тұрмыстық техника, олардың сату көлемі 60,9 млрд теңге немесе 12,6%, бір жыл бұрын электронды тұрмыстық техника бесінші орында болған. Үшінші орында сатылымы 54,6 млрд теңгені немесе 11,3% құраған косметикалық тауарлар мен иіссулар. Сондай-ақ, биыл электронды сауда жаңа дүниелермен де толыға түсті. Қазіргі таңда зергерлік бұйымдар онлайн сатылымда жақсы сұранысқа ие бола бастаған. Әшекей бұйымдар мен сағаттардың сату көлемі 30,1 млрд теңге немесе 6,2%, ал жиһаздардың сатылу көлемі 8,4 млрд теңге немесе 1,7%.

Бір қызығы, алдыңғы жылы бірінші орынға ие болған кеңсе тауарларының саудасы бәсеңдеген. Кеңсе тауарларын сату 23 есеге, 61 млрд теңгеден 2,6 млрд теңгеге дейін төмендеді. Бұл пандемиядан кейін толық немесе ішінара сақталған онлайн-оқуға және қашықтан жұмыс істеуге көшумен байланысты болса керек. Сондай-ақ, аяқкиімдердің сатымылы бірден 7 есеге, 15 млрд-тан 2,2 млрд теңгеге дейін қысқарған.

Қызметтерді онлайн-іске асыруға келетін болсақ, алдыңғы жылы үшінші орынды иеленген жарнама саласындағы қызметтер биыл сатылым көшбасшысы болды. Жарнамалық қызметтердің сату көлемі 30,4 млрд теңгені құрап, бір жыл ішінде 6,2 есеге артты. Екінші орында – бұрын төртінші орында болған демалыс, ойын-сауық, мәдениет және спорт саласындағы билеттерді сату санаты – көлемі 28,5 млрд теңгені құрап, бір жыл ішінде 8 есеге артты. Бұл локдауннан кейін жағдайдың қалыпқа келе бастағанын байқатады. Былтыр көлік билеттерін сату бірінші орында болса, биыл бұл санаттағы саудасаттық үшінші орынға түсіп отыр, билеттердің сатылымы 20,1 млрд теңге, бұл өткен жылмен салыстырғанда 51%-ға аз.

Әдетте, электронды сауда-саттық ірі мегаполистерде жақсы жүреді. Еліміздегі онлайн-сатудың көшбасшысы – Алматы қаласы. Биыл шаһарда 727 млрд теңгеден астам өнім немесе барлық сауда көлемінің 69,8 пайызы сатылды. Екінші орында – Астана, сатылымы 107 млрд теңгеден асады немесе 10,3%. Үшінші орында ерекше мәртебесі бар тағы бір қала – Шымкент, 49,9 млрд теңге немесе онлайн сатудың 4,8%. Айта кеткен жөн, барлық сатып алушылардың 25,7% -ы тауарды немесе қызметті төлем карточкалары арқылы, 23%-ы банктік немесе пошталық аударымдармен, 21,3%-ы қолма-қол ақшамен төлеген.

МАМАН КЕҢЕСІ

МҮЛІК САЛЫҒЫ

Төлем мерзімі 1 қазанда аяқталады

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті өндірістік емес төлемдер басқармасының басшысы Қуаныш Түменбаев жиі қойылатын сұрақтарға жауап берді.

Гүлжанат СЕМБАЕВА

– Есептелген салық сомасын қалай тексеруге болады?

– Есептелген салық сомасын сайттағы «алдағы төлемдер» сервисінен тексеруге болады kgd.gov.kz, E-salyq Azamat мобильді қосымшасы, сондай-ақ Homebank банктерінің мобильді қосымшаларында және Kaspi.kz (мемлекеттік қызметтер – салықтар-көлік пен мүлік салығы – ЖСН енгізу).

– Салық берешегін қалай тексеруге болады?

– Салық бойынша берешектің бар/жоқ екені туралы мәліметтерді e-Salyq Azamat (AppStore, PlayMarket) мобильді қосымшасы арқылы тексеруге болады→Электрондық сервистер→салық және әлеуметтік төлемдер бойынша берешек сервисі→ЖСН енгізу.

20.09.2022 ж. жағдай бойынша қала бойынша 20 311 тұлғаның мүлік салығы бойынша жалпы сомасы 254 млн теңгеге берешегі бар.

– Борышкерлерге қандай шаралар қолданылуда?

– Біріншіден, мерзімі өткен әрбір күн үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландырудың ресми ставкасының 1,25 еселенген мөлшерінде өсімпұл алынады.

Екіншіден, борышкерлер банктік қызметтерді ала алмайды, оның ішінде банк шоттарын ашу, ақша аудару, несие алу және т.б.

Үшіншіден, мәжбүрлеп орындату мақсатында берешек сомасы 1 АЕК-тен асатын борышкерлер бойынша материалдар сот орындаушыларына жолданады, олар борышкерлерге, оның ішінде мүлкіне және банк шоттарына тыйым салу, сондай-ақ республикадан тыс жерлерге шығуына шектеу қою шараларын қолданады. Айта кетсек, сот орындаушылар бір мезгілде қарыздың 25 пайызын құрайтын сот шығындарын ұстайды.

Төртіншіден, борышкерлердің жұмыс орындарына хаттар жолданып, жергілікті Алматы қаласының Теміржол министрлігімен және Алматы қаласының жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасымен бірлесіп, борышкерлердің мекенжайлары бойынша рейдтер жүргізілуде.

Меншігінде тұрғын үйлері, пәтерлері, саяжайлары, гараждары және басқа да ғимараттары бар тұлғалар жеке тұлғалардың мүлкіне салық төлеушілер болып есептеледі.

«Әрбір салық салу объектісінің құны тұрғын үйдің пайдалы алаңын, аймақтарға бөлу коэффициентін, амортизацияны және т.б. ескере отырып анықталады. Осы мәліметтер негізінде салық органдары салық ставкасын салық салудың құнына қолдану арқылы объекті, жыл сайын 1 шілдеге дейін мүлік салығының сомасын есептейді. Салық кодексінде салықтың прогрессивті ставкасы қарастырылған, нысанның құны неғұрлым жоғары болса, салық мөлшері де соғұрлым көп болады», – деп түсіндірді Қ.Түменбаев.

Мысалы: егер пәтер құны 10 млн теңгені құраса, онда салық сомасы 11 600 теңгені құрайды. Құны 50 млн теңге болатын пәтер бойынша салық 196 600 теңгені құрайды.

Еске сала кетейік, салық төлеушілер барлық сұрақ бойынша бірыңғай байланыс орталығына 1414 телефоны бойынша хабарласа алады.

КРИПТОВАЛЮТА

Қаржылық сауаттылық

Криптовалютаны шығару мен айналымға жіберудің арнайы құқықтық тәртібі бар

Қазіргі цифрландыру дәуірінде криптовалютаға қаржы салушылардың қатары күннен-күнге артуда. Осындай инвестициялық құралдың арқасында жылдам баюға болады деген секілді әңімелерді де жиі құлағымыз шалып қалады. Дегенмен, цифрлық активтер арқылы пайда табу да оңай емес. Қаржылық сауаттылығы төмен, нарықтың қалай жұмыс істейтінін біле бермейтін адамдар тақырға отыруы әбден мүмкін.

Елімізде криптовалютаның пайда болғанына10 жылдан астам уақыт болды. Соңғы жылдардағы экономикалық дағдарысқа қарамастан, криптовалюта индустриясы біртіндеп дамып, инвесторларды көбірек тартуда.

Криптовалютаның мемлекеттік валютадан айырмашылығы – бұл валюта тек электронды және интернеттегі төлемдер үшін ғана пайдаланылады. Бүгінде бүкіл әлем бойынша 200-ден астам криптовалюта биржалары бар, онда криптовалюталардың 1000-нан астам түрі сатылады. Валюта дәстүрлі қаржы жүйесінің бәсекелесіне айналады. Алайда, Қазақстанда криптовалютаны төлем құралы ретінде пайдалана алмайтын заң қабылданған. Криптовалютаны шығару мен айналымға жіберудің арнайы құқықтық тәртібі бар.

Криптовалютаның басты артықшылықтары: оның орталықсыздандырылуы, анонимділігі және қауіпсіздігі. Цифрлық ақшаның ішкі немесе сыртқы әкімшісі жоқ және ешқандай сыртқы агенттер транзакцияларға әсер ете алмайды, ол жаһандық сәтсіздіктерден қорғалған. Ғаламтор болса болғаны, әлемнің кез келген нүктесінде жұмыс істейді және ақшаны құнсыздануан сақтайды. Инвестицияның артықшылықтарына қарамастан, кемшіліктері де жоқ емес. Сондықтан мамандар оны пайдаланғанда мұқият болу керектігін ескертеді. Криптовалюта туралы мәліметтерді екшеп, осы саладағы мамандардан кеңес алып отырған жөн.

Айнұр НҰРСАБЕТ.

ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІП

Ақылды қала тұрғындары бола аламыз ба?

Қала үлкейген сайын ондағы тұрғындар саны да артады, басқа өңірден келетіндер көбейген сайын қаладағы қоғамдық тәртіпті қадағалауға деген қажеттілік те арта беретіні анық.

Бүгінде біздің Алматының күн тәртібіндегі кезек күттірмес мәселенің бірі – осы. Еліміздегі ең үлкен қалада «қоғамдық тәртіпті бұзудың белсенді қатысушысы ұсталды, жауапқа тартылды» деген секілді ақпаратты жиі естиміз.

Кез келген мемлекеттің даму деңгейі оның қоғамдық тәртібінің тұрақтылығымен және құқық қорғау органдарының азаматтардың құқығын қорғауды қамтамасыз ету деңгейімен анықталады. Полицияның негізгі міндеті – адам құқығын қорғау және қоғамдық тәртіпті сақтау. Президенттің талабы да сол. Құқық қорғау органдары модульді жұмыс істеуді алға қойып отыр. Жергілікті жерлерде учаскелік полициялар халықпен бірге жұмыс істеуге тиіс. Өз саласы бойынша тұрғындармен үнемі байланыста болу арқылы қылмыстың саны азаяды. Осы ретте Алматы қаласы ПО-ы ҰҰ Ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары, Қазақстан Республикасы ІІМ еңбегі сіңген қызметкері, отставкадағы полиция полковнигі Бауыржан РАХИМОВ полиция қызметкерінің міндеттерін айтып берген еді.

Халықпен диалог болу керек

Халық полиция сақшыларын өздерінің қорғаушысы ретінде танып, қандай жерде болмасын өздерін қауіпсіз сезінуі керек. Соған сәйкес тәртіп сақшыларына да артылатын жауапкершілік жүгі ауыр болмақ. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрі, полиция генерал-лейтенанты М.Ахметжанов сервистік модельді енгізу және де «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» бағдарламасын жүзеге асыру мәселесіне аса көңіл аударып, полиция қызметі саласы қызметкерлерінің алдына көп жауапкершілікті жүктеді.

Ата Заңымызда бекітілгендей, адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету – негізгі мәселе. Ал қауіпсіздікті тек қана халықпен тығыз байланыста болатын жергілікті жердегі тәртіп сақшылары – полиция қызметкерлері қамтамасыз ете алады.

Алматы қаласы Полиция департаментінің қызметкерлері халықпен бірлесе отырып, қала қауіпсіздігі үшін өз үлестерін қосып келеді. Әр аудандық полиция басқармаларында фронткеңсе өз деңгейінде жұмыс атқаруда. Азаматтардың арыз-шағымдары дер кезінде қажетті қызметкерлермен қаралып, жедел әрі тиімді шешім қабылдауына мүмкіндік береді. Арыз-шағымдарды тексеру мәселесі әр аудандық полиция басшыларының қадағалауында, Алматы қаласы полиция департаменті басшысының назарында тұрады.

Негізгі тұжырым – ашықтық

Полиция қызметкерлері – қоғам айнасы. Оның ішінде жергілікті халықпен, өз ауданының көлемінде тұрғындармен тығыз қарым-қатынас жасайтын – участкелік полиция қызметкерлері. Халық соларға қарап та баға береді. Сондықтан оларға халықпен байланысты жақсарту, тәртіпті сақтауды қамтамасыз ету, қадағалау аса зор жауапкершілікті талап етеді. Негізгі тұжырым – халықпен тиімді түрде кері байланыс орнату.

Участкелік полиция қызметкерлері «ашықтық» тұжырымдасын іске асыру мақсатында тұрғындармен әлеуметтік желідегі чатта онлайн форматта жұмыс атқарып келеді. Арнайы сайтта тұрғындардың сұрақтарына жауап беріп, қажетті жағдайда шұғыл түрде шешім қабылдауға толық мүмкіндігі бар.

Қазіргі кезде чат қолданушылар саны көбейген. Бұл «полиция сақшылары мен халықтың арасында байланыс бар, бір-біріне деген сенім артады» деген сөз.

Қауіпсіздік ардагерлердің де назарында

Полиция департаментінде генерал-майор Талап Қабденұлының басқаруымен «Консультативтік-кеңесші органы» қоғамдық ұйымдардың, ардагерлер кеңесі мүшелері және де бұқаралық-ақпарат құралдары өкілдерімен үнемі байланыс орнатады. Полиция жұмысын жақсартуға, полиция қызметінің халыққа жақын болуына, құқықбұзушылықтың алдын алуына, қылмысқа қарсы күрес саласындағы полиция қызметкерлерінің қызмет бабындағы, тіпті, жүріс-тұрыстарына көңіл бөліп, полиция қызметкерлерінің абырой дәрежесін көтеруде тиімді орган болып есептеледі.

Қазіргі кезде Алматы қаласында 7 мыңнан астам Ішкі істер органдарында қызмет еткен ардагерлер бар. Есепте тұратындары 4 мыңнан асады. Қаңтар оқиғасы кезінде 25 бастауыш ардагерлер ұйымы полиция қызметкерлеріне қоғамдық тәртіпті қорғауға көмек беруге дайын екендерін жеткізді.

Жолдау–2022:

Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету барысында полиция қызметінің ашықтығына үлкен мән беру керек.

■ Есірткімен күрес

КЕШЕНДІ ЖОСПАР ӘЗІРЛЕНБЕК

ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз-конференциясында Ішкі істер министрі Марат Ахметжанов есірткімен күрес туралы айтты.

ІІМ басшысы 2019 және 2020 жылдары есірткіні интернет арқылы жарнамалау, насихаттау және өткізу ауыр және аса ауыр қылмыстар санатына жатқызылғанын атап өтті. Олардың жолын кесу жөніндегі жұмысты жандандыру аса ауыр қылмыстардың статистикалық 3%-ға (1549-дан 1602-ге дейін) өсуіне алып келді. Тіркелген аса ауыр қылмыстардың әрбір үштен бірі есірткі қылмысына тиесілі (533). Олардың 300-ге жуығы интернет желісі арқылы жасалған.

Жыл басынан бері мониторинг барысында 1772 есірткі сайты анықталды. Олардың барлығы «кибер бақылау» жүйесі арқылы бұғатталған. Әрбір осындай интернет-дүкеннің артында есірткі сатушылар, курьерлер, кепілгерлер желісі бар бүкіл қылмыстық топтар тұр. Осындай бір электронды ресурсты жою – жүздеген өмірді құтқарады. Ішкі істер министрлігі қылмыстың статистикалық өсуіне саналы түрде барады. Министрлік үшін бастысы – статистика емес, азаматтар мен біздің өскелең ұрпақтың денсаулығы. Пандемия кезінде «жабық» шекаралар жағдайында дамыған есірткі зертханалары мен притондар ерекше қауіп төндіреді. Олар күн сайын өлімге әкелетін килограмдаған заттарды шығарады. Жыл басынан бері осындай 33 цех жойылды, құны 2 млрд теңге болатын 105 келі синтетика немесе 200 мыңнан астам бір реттік доза тәркіленді. Павлодарда интернет-дүкен арқылы есірткі сатушы ұсталды. Одан 1,5 келі синтетика тәркіленді. Ресейлік әріптестерімен бірлескен арнайы операция барысында трансұлттық есірткі тобы жойылды. Бұл қылмыскерлерден Омбы мен Таразда құны 9,5 млн тұратын 260 келі синтетикалық есірткі тәркіленді. Бұл өткен жылдың қазан айынан бастап ауыр түрлерге теңестірілген есірткінің бір ғана түрі. Осы есірткі түрін сақтағаны үшін қылмыстық жауапкершілік 1 грамнан (бұрын 50 г) басталады. Жалпы, полиция 11,8 тоннадан астам есірткі тәркіледі. Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауында айтылған тапсырмасы бойынша ІІМ нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі кешенді жоспарды әзірлеуге кірісті.

■ Қылмыс пен жаза

КӨП АСҚАНҒА – БІР ТОСҚАН

Қалада жеке үйге ұрлыққа түскен ер адам ұсталды. Наурызбай ауданының полиция қызметкерлері жеке үйден ұрлық жасаған күдіктінің ұсталғанын хабарлады.

«Белгісіз біреу тұрғын үйге терезеден кірген және жеке мүлікті ұрлаған, материалдық шығын 7 млн теңгені құрады. Алматы облысының 35 жастағы тұрғыны ұсталды. Ол өз ісін мойындады. Бөтеннің мүлкін ұрлау дерегі бойынша қылмыстық іс тіркелді. Күдіктіге қатысты қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасы таңдалды. Күдіктінің жеке басы басқа да осыған ұқсас қылмыстарға қатысы бар-жоғы тексерілуде», – деді Наурызбай аудандық Полиция басқармасының бастығы Данияр Меңдебаев.

Әзірлеген Гүлжанат СЕМБАЕВА.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Жаңа учаскелік сайлау комиссияларының құрамдарын қалыптастыру туралы ХАБАРЛАМА

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының (одан әрі – сайлау туралы Конституциялық заңы) 10-бабына сәйкес Алматы қаласының мәслихаты жаңа учаскелік сайлау комиссияларының құрамдарын қалыптастыру туралы хабарлайды.

Учаскелік сайлау комиссияларының сандық құрамын учаскелердегі сайлаушылардың санына байланысты Алматы қаласының аумақтық сайлау комиссиялары айқындады.

Әрбір саяси партия тиісті сайлау комиссиясының құрамына бір кандидатура ұсынуға құқылы.

Саяси партия сайлау комиссиясының құрамына осы саяси партияның мүшелері болып табылмайтын кандидатураларды ұсынуға құқылы.

Мәслихат белгілеген, сайлау комиссияларын құру мерзіміне дейін он бес күннен кем болмауға тиіс мерзімде саяси партиялардың ұсыныстары болмаған жағдайда, мәслихаттар сайлау комиссиясын өзге қоғамдық бірлестіктердің және жоғары тұрған сайлау комиссияларының ұсынысы бойынша сайлайды.

Саяси партиялар, өзге де қоғамдық бірлестіктер, олардың құрылымдық бөлімшелері құрылатын сайлау комиссияларына қатысты 2022 жылғы 29 қыркүйектен 13 қазанға дейін мәслихатқа мынадай құжаттарды ұсынады:

1) белгіленген нысан бойынша электрондық және қағаз форматта сайлау комиссияларының құрамына кандидатуралар туралы мәліметтер;

2) тиісті сайлау комиссияларының құрамына кандидаттарды ұсыну туралы саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың филиалдарының (өкілдіктерінің) шешімінен үзінді көшірме;

3) саяси партияны, қоғамдық бірлестікті немесе олардың филиалдарын (өкілдіктерін) тіркеу туралы құжаттың көшірмесі;

4) кандидаттың жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

5) кандидаттардың сайлау комиссиясының жұмысына қатысуға келісімі туралы белгіленген нысан бойынша өтініштері;

Сайлау комиссияларының құрамына кандидатуралар туралы мәліметтер, сайлау комиссияларының жұмысына қатысуға келісімі туралы кандидаттардың өтініштері Алматы қаласы мәслихатының сайтында (maslihat-almaty.kz) орналастырылған.

Сайлау комиссиясының құрамына ұсынылатын адам сайлау туралы Конституциялық заңның талаптарына сәйкес келуге тиіс.

Сайлау комиссиясының мүшесі осы комиссияның құрамын қалыптастырған мәслихат орналасқан Алматы қаласының әкімшілік-аумақтық бірлігінің аумағында тұруға тиіс.

Бір сайлау комиссиясының құрамына жақын туыстары (ата-аналары, балалары, бала асырап алушылары, асырап алынған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары), аталары, әжелері, немерелері) немесе жұбайы (зайыбы) кіре алмайды.

Алматы қаласының мәслихатына қағаз форматта немесе электрондық сканерленген нұсқада ұсынылатын барлық құжаттарға қол қойылуы, мөрмен расталуы және орындалған күні, орындаушының тегі, аты-жөні және оның телефон нөмірі көрсетілген орындаушы туралы белгіні қамтуы тиіс.

Сайлау комиссияларының құрамы бойынша құжаттарды қабылдау **2022 жылғы 13 қазан сағат 18.00-ге дейін** жүзеге асырылады.

Құжаттар дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін қабылданады, үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін, мына мекенжай бойынша: Алматы қаласы, Жароков көшесі, 215, 311-кабинет, тел.: 8 (727) 380-04-03, сондай-ақ құжаттардың сканерленген нұсқасын электрондық мекенжайға жіберуге болады orgotdel@maslihat-almaty.kz.

Алматы қаласы мәслихатының орналасқан жері: Алматы қаласы, Жароков көшесі, 215-үй.

Комиссиялардың құрамын қалыптастыру үшін жаңадан құрылған Алматы қаласының учаскелік сайлау комиссиялары:

Р/с №	Сайлау учаскесінің нөмірі	Сайлау комиссиясының орналасқан жері	Сайлау комиссиясы мүшелерінің саны
Әуезов ауданының учаскелік сайлау комиссиялары – 1			
1.	№624	«№133 жалпы білім беретін мектеп» КММ, Ақсай-1 шағынауданы, 26	7
Бостандық ауданының учаскелік сайлау комиссиясы – 3			
1.	№608	«№191 бөбекжай-балабақшасы» КМҚК, Егізбаев көшесі 7/11	7
2.	№609	«Даму интел лектуалдық қабілеті төмен балаларға арналған №7 арнайы (түзету) мектеп-интернаты» КММ, Алматы қ., Байтұрсынұлы көшесі, 150	7
3.	№ 610	«Ш.Құдайбердіұлы атындағы №190 жалпы білім беретін мектеп» КММ, Нұрлытау шағынауданы, Нұртазина көшесі, 49	7

Алматы қаласы Әуезов ауданы әкімінің 2022 жылғы 28 қыркүйектегі №2 шешімі.
Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 28 қыркүйекте №29860 болып тіркелді.

«Алматы қаласы Әуезов ауданы бойынша сайлау учаскелерін құру туралы 2020 жылғы 3 наурыздағы №1 шешіміне өзгеріс енгізу туралы»

Әуезов ауданының әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Алматы қаласы Әуезов ауданы әкімінің 2020 жылғы 3 наурыздағы «Алматы қаласы Әуезов ауданы бойынша сайлау учаскелерін құру туралы» №1 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №1610 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

аталған шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. «Алматы қаласы Әуезов ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімнің Әуезов ауданы әкімі аппаратының интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Әуезов ауданы әкімінің аппаратына жүктелсін.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әуезов ауданының әкімі **С.САЙФЕДЕНОВ**

«КЕЛІСІЛДІ»:
Алматы қаласы Аумақтық
сайлау комиссиясының
төрайымы Ж.Асанова
«____» ___________ 2022 ж.

Алматы қаласы
Әуезов ауданы әкімінің
2022 жылғы 28 қырүйек
№2 шешіміне қосымша

Алматы қаласы
Әуезов ауданы әкімінің
2020 жылғы 3 наурыз
№1 шешіміне қосымша

Алматы қаласы Әуезов ауданының сайлау учаскелерінің шекаралары

№123 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Сүлейменов көшесі, 16-үй, Алматы қаласы білім басқармасының «№72 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: Актюбинская көшесі: 1, 2, 4, 5, 6, 7, 8, 10, 11, 12А, 13, 14, 14А, 15, 16, 17, 17А, 18, 19, 20А, 21, 23, 25, 27, 29, 31, 33, 35/1, 41 үйлер; Алданская көшесі: 1А, 2А, 3, 3А, 4, 5, 5А, 6, 7, 13, 17, 19А, 21 үйлер; Вишневский тұйық көшесі: 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10 ,11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48 үйлер; Навои көшесі: 3, 4, 6, 7, 8, 10, 10/1, 12, 14, 16, 18, 20, 22, 24, 30, 32, 36, 37, 55, 58, 59В, 60, 61А, 62, 66, 68, 68/1, 68/2, 70, 72, 74, 76, 78, 80, 82, 84, 86, 88, 90, 92, 94, 96, 98, 100, 102, 104, 108, 110, 112, 114, 116, 116А, 118, 118А, 120, 120А, 122, 122А, 124, 124А, 126, 126А, 128, 128А, 130, 130А, 130Б, 132, 136, 138, 140, 140А; Түнтібаев көшесі: 4 үй; Чернов көшесі: 1, 2, 3, 5, 5А, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 13, 14, 15, 17, 17А, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 25А, 25Б, 28, 31, 32, 34, 24А, 35, 36, 37, 38, 40, 41, 42А, 43, 62, 67, 73, 75, 77, 79, 81, 81/2, 83, 84, 85, 86, 87, 88, 89, 90, 90А, 91, 91/1, 92, 92А, 94, 95, 96, 97, 98, 100, 102, 104, 106, 108, 110, 112, 112А, 114, 114А, 116, 118, 118А, 119, 120, 122, 122А үйлер.

№124 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Сүлейменов көшесі, 16-үй, Алматы қаласы білім басқармасының «№72 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: Алданская көшесі: 31; 2-ші Вишневский көшесі, 44-үй; Жандосов көшесі: 112, 120, 122, 128, 130, 132 үйлер; Карская көшесі: 9, 9А, 13, 18 үйлер; «Таугүл-1» шағынауданы: 25, 32, 33, 33-Б, 34, 76, 82, 83, 84, 85, 89, 90, 91, 92 үйлер; Симферопольская көшесі: 3, 4А, 5, 8, 9, 10, 11, 12, 14, 18, 22, 24, 26, 28 үйлер; Сүлейменов көшесі: 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10 ,11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 18/18, 19, 20/15А, 24 үйлер; Талдықорған көшесі: 11, 15, 19, 21, 23, 25 үйлер; Түнтібаев көшесі: 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 22, 23, 24 үйлер.

№125 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Черепанов көшесі, 14-үй, Алматы қаласы білім басқармасының «Ахмет Байтұрсынов атындағы №139 мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: Карпинский көшесі: 1/17, 3, 5, 7, 14 үйлер; «Таугүл-2» шағынауданы: 1, 2, 3, 4, 4А, 6, 7, 8, 9, 11, 12, 14, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 36, 37, 38 үйлер; Рысқұлбеков көшесі: 5, 13, 15, 17, 19, 19/44 үйлер; Семятова көшесі: 18, 20, 22, 24, 26, 28 үйлер; Сүлейменов көшесі: 28, 30, 32, 34, 36, 38, 40, 40А, 40В, 40/1, 40/2, 40/3, 42, 44, 46, 52 үйлер; Тоқтабаев көшесі: 20 үй; Тургенев көшесі: 15/10, 17, 19, 21, 23, 24, 25, 27/9, 28/7 үйлер; Черепанов көшесі: 14/45, 15/10 үйлер.

№126 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, «Таугүл» шағынауданы, 34-үй, «Нархоз университеті» акционерлік қоғамы жатақханасының ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: Губкин көшесі: 13, 13/33, 14, 14/35, 15, 16/48 үйлер; Карпинский көшесі: 9, 11, 12, 13/29, 15, 16, 17, 18 үйлер; Ладыгин көшесі: 11, 12, 12/3, 13, 14/23, 16, 26, 28, 30 үйлер; «Таугүл» шағынауданы: 23, 24, 25, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34 үйлер; Рысқұлбеков көшесі: 23/49А, 25/37, 27/50 үйлер; Смирнов көшесі: 11, 11/7, 12/19, 13, 14 үйлер; Сүлейменов көшесі: 31/22, 33, 35, 39/10, 41, 43/20, 47/10, 49, 51 үйлер; Тоқтабаев көшесі: 24, 26/15, 28, 30, 31/22 үйлер; Черепанов көшесі: 10, 19/25, 21, 22/27, 23, 24, 26, 31, 33, 34/15, 35, 37 үйлер; Щепкин көшесі: 7/48, 9, 11, 13, 15, 15А, 15Б, 33, 44, 46/7 үйлер.

№127 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, «Таугүл» шағынауданы, Вильнюсская көшесі, 29-үй, Алматы қаласы білім басқармасының «№2 Алматы мемлекеттік гуманитарлық-педагогикалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: Жандосов көшесі: 136, 138, 140, 140/1, 140/2, 142, 144/1, 144/2, 146, 148, 150, 150А, 150/1, 150/2, 158 үйлер; «Таугүл» шағынауданы: 4, 4А, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 52, 53 үйлер.

№128 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Рысқұлбеков көшесі, 39-А үй, «Экономика және басқарудың инновациялық академиянын» ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: Ладыгин көшесі: 11/21, 31, 34 үйлер; Пятницкий көшесі: 50, 52, 54, 56, 58, 60, 62, 64, 66, 68, 70, 71, 72, 74, 76, 77, 78, 79, 80, 81, 82, 84, 86, 88, 90, 92, 94, 98А үйлер; Рысқұлбеков көшесі: 35, 37, 39, 39А үйлер; Щепкин көшесі: 71, 71А үйлер.

№129 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, «Таугүл-3» шағынауданы, Шәймерденов көшесі, 21-үй, Алматы қаласы білім басқармасының «№175 Жаңа ғасыр мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: «Таугүл-3» шағынауданының Әбіров көшесі: 3, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 13, 14, 15, 16/24, 17 үйлер; «Таугүл-3» шағынауданының Байжанбаев көшесі: 7, 7А, 8, 9, 10, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27 үйлер; «Таугүл-3» шағынауданының Бекет ата көшесі: 16/9, 17, 17А, 17/18 корпус 1, 18, 18А, 19, 20, 23/19, 23А, 24А, 26, 27/52, 28, 29, 34, 35, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 55, 56, 57, 59, 60, 61/1, 64, 65, 66, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 74, 75, 75 корпус 1, 76, 78/22, 80, 82, 84, 86, 88, 90 үйлер; «Таугүл-3» шағынауданының Бірімжанов көшесі: 2, 2Б, 4, 5, 9, 10, 12, 13, 14, 15, 16, 18, 20, 21, 22, 23, 25, 26, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 36, 55/7 үйлер; "Таугүл-3" шағынауданының Дәуленов көшесі: 1, 2А, 4, 5/42, 6/43, 7, 8, 9/42, 9, 10, 11, 15, 16, 17, 19, 25/1, 25, 26, 27, 28, 29, 31, 32, 33/1, 34, 35, 36, 38, 39/10, 40/20, 41, 41А, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 50А, 51, 52, 53, 54, 56, 57А, 57/13, 58, 60, 61, 62, 64, 65, 67, 68/15, 69, 70, 72, 74, 76, 78, 80, 84, 86, 88, 90, 92, 94, 96, 98, 100, 102, 104, 106, 108, 110, 112 үйлер; «Таугүл-3» шағынауданының Дүйсенов көшесі: 2, 5/11 үйлер; «Таугүл-3» шағынауданының Жантөрин көшесі: 4, 8/20, 34, 35/12, 39, 40, 41, 42, 44, 45, 47, 48, 49, 50, 51, 55, 58, 60 үйлер; «Таугүл-3» шағынауданының Ералиева көшесі: 4, 6, 8, 10, 12, 14, 16, 18, 20, 22, 24, 25/1, 26, 28, 29, 31, 33 үйлер; «Таугүл-3» шағынауданының Қанахин көшесі: 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12 үйлер;: «Таугүл-3» шағынауданының Кәрменов көшесі: 1, 1Б, 1/1, 4/21, 8, 34, 36, 38, 40, 42, 42Б үйлер; «Таугүл-3» шағынауданының Қыстауов көшесі: 2, 3/28, 4, 6/29, 7/18, 8, 9, 14, 15, 16, 17, 17/10, 18, 19, 22/1, 24, 26, 27/5, 28, 120 үйлер; «Таугүл-3» шағынауданының Машанов көшесі: 5, 7 үйлер; «Таугүл-3» шағынауданы: 186, 190, 193А, 195, 231, 261, 300А, 303, 314Б, 337, 345, 346, 376А, 380, 382, 382А, 387, 399, 401, 411, 414, 424, 440, 459, 467А, 472, 480, 493 496, 512, 527, 528, 529, 535, 537, 542, 545, 563, 597А, 612, 634/2, 664, 667/7, 674А, 675, 680, 725, 726, 730, 736/7, 783, 784/7, 787, 793, 799, 805, 808, 809, 817, 819, 826, 828, 829А, 831, 833А, 987 үйлер; «Таугүл-3» шағынауданының Мусин көшесі: 1, 3, 3А, 7, 9, 11, 13, 16, 18, 19, 20, 22, 24 үйлер; «Таугүл-3» шағынауданының Нұрмаханов көшесі: 23/47, 25, 29, 30, 31, 31/1, 32, 36, 38 үйлер; «Таугүл-3» шағынауданының Пірімбетов көшесі: 2, 3, 4, 6, 8, 11, 12, 13, 15, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 46, 47, 48, 49, 50, 53, 55/7, 58, 59, 61, 62, 63, 64, 65, 67 үйлер; «Таугүл-3» шағынауданының Саттарханов көшесі: 4, 5, 6, 7, 8, 9, 9/15, 10, 11, 12, 13, 14, 16, 17/10, 19, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 30, 32, 33, 35, 36, 37, 40, 41, 42, 46/11, 49, 50, 51А, 51, 53, 55, 56, 57, 58 үйлер; «Таугүл-3» шағынауданының Сейітжанов көшесі: 5, 7 үйлер; «Таугүл-3» шағынауданының Сүлейменов көшесі: 1, 1Б, 2Б, 2, 3, 4, 5, 7, 9, 11, 14, 17, 19, 21 үйлер; «Таугүл-3» шағынауданының Сұлтан Бейбарыс көшесі: 1, 2, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 12, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 20 корпус 1, 21, 22/29, 23, 24, 25, 27, 30, 31/33, 32, 33, 34, 35, 37, 38, 41, 43, 44/9, 45/28, 46, 47, 48/9, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 74, 75, 77, 79, 81, 83, 85, 87, 89, 90 үйлер; «Таугүл-3» шағынауданының Сүртібаев көшесі: 5, 11, 12, 13, 14, 14/1, 15, 16, 17, 18, 19, 21, 23, 25 үйлер; «Таугүл-3» шағынауданының Тілебайұлы көшесі: 3/45, 18 үйлер; «Таугүл-3» шағынауданының Тоқтаров көшесі: 3, 4, 5, 6, 9, 13, 14/6, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 22, 24, 25, 25А, 26, 27, 28, 29, 29/1, 30, 32, 37, 41/6 үйлер; «Таугүл-3» шағынауданының Тұрдықұлова көшесі: 3, 5, 6, 8, 10, 11, 12, 13, 14, 14А, 15, 18, 19, 20, 21, 22, 27 үйлер; «Таугүл-3» шағынауданының Шәйкенов көшесі: 2, 8, 10, 20А, 20, 22, 24, 26, 28, 30, 32, 34, 36, 38, 40/31, 42, 44, 46, 48, 50, 52, 54/26, 56, 58, 60, 62, 64, 66, 68, 70, 72, 82, 88, 90, 92, 94, 96, 100 үйлер; «Таугүл-3» шағынауданым Шәймерденов көшесі: 3/8, 4, 5, 6/9, 7, 10/1, 11, 12, 13/31, 13, 15, 15А, 16, 17, 17/1, 18, 19, 20, 21, 22/30, 25/40, 27, 29, 31, 31/1, 33/2, 33, 34, 35, 36, 37, 40, 47, 48, 59, 61, 63 үйлер.

№130 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Черепанов көшесі, 14-үй, Алматы қаласы білім басқармасының «Ахмет Байтұрсынов атындағы №139 мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: «Таугүл-1» шағынауданы: 57, 58, 59, 60, 68, 70, 72, 75 үйлер; Сүлейменов көшесі: 19, 21, 23, 24А, 24Б, 25, 26А үйлер; Пятницкий көшесі: 6, 6/1, 6/2 үйлер; Тоқтабаев көшесі: 7А үй.

№131 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, «Таугүл» шағынауданы, Вильнюсская көшесі, 29-үй, Алматы қаласы білім басқармасының «№2 Алматы мемлекеттік гуманитарлық-педагогикалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: Жандосов көшесі: 150/3, 162, «Таугүл» шағынауданы: 19, 19/11, 20, 20А, 20Б, 21, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51 үйлер.

№132 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Жандосов көшесі, 65-үй, Алматы қаласы білім басқармасының «Алматы мемлекеттік энергетика және электрондық технологиялар колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: Жандосов көшесі: 162А, 164, 166, 168, 170, 172, 172В, 172Г, 174, 174А, 174Г, 176, 176А, 178, 180, 182, 182А үйлер; Пятницкий көшесі: 73, 75, 77А, 81/2, 83 үйлер; Щепкин көшесі: 1А үй.

№133 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Черепанов көшесі, 14-үй, Алматы қаласы білім басқармасының «Ахмет Байтұрсынов атындағы №139 мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: Актюбинская көшесі: 42, 44, 46, 48, 50, 73, 74, 75, 75А, 75В, 77, 79, 81, 83, 85, 87, 89 үйлер; 2-ші Вишневский көшесі: 1/2, 1/3, 1/35, 3 үйлер; «Таугүл-1» шағынауданы: 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49,50, 51, 52, 52Б үйлер; Навои көшесі: 78, 80, 82, 84, 86, 88, 90, 92, 94, 96, 98, 100, 102, 104, 108, 110, 112, 114, 116, 116А, 118, 118А, 120, 120А, 122, 122А, 124, 124А, 126, 126А, 128, 128А, 130, 130А, 130Б, 132, 136, 138, 140, 140А үйлер; Тоқтабаев көшесі: 7, 9, 11, 13 үйлер; Чернов көшесі: 73, 75, 77, 79 81, 81/2, 83, 84, 85, 86, 87, 88, 89, 90, 90А, 91, 91/1, 92, 92А, 94, 95, 96, 97, 98, 100, 102, 104, 106, 108, 110, 112, 112А, 114, 114А, 116, 118, 118А, 119, 120, 122, 122А үйлер.

№134 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, «Таугүл-3» шағынауданы, Шәймерденов көшесі, 21-үй, Алматы қаласы білім басқармасының «№175 Жаңа ғасыр мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

